Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

№29 (566)
18 шілде,
2024 жыл

...Мен жастарға сенемін!
Мағжан

CAMERAMAN:
ВИДЕОГРАФ ТАПШЫЛЫҒЫ СЕЗІЛЕ БАСТАДЫ

Ең алғаш кино түсіру XIX ғасырда бастау алды. Сол кезде сирек кездестіретін камера бүгінде өміріміздің бір бөлшегіне айналып, ең ғажап сәттерді естелік етіп сақтауға мүмкіндік беретін құралға айналды. Бірі өз қызығы үшін камерамен дос болса, енді бірі бұл саланы өмірлік жолы етіп таңдаған. Осы орайда камерасын серік еткен сері Жомарт Кемелхановпен тілдескен едік.

– Көптеген бүлдіршін балалық шағында ұшқыш немесе дәрігер болуды армандайды. Ал сіз үшін бұл салада жұмыс істеу бала кезден бергі арман болды ма? Қай уақыттан бері кәсіби видеограф болып қызмет етіп келесіз?

– 2016 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде Информатика мамандығы бойынша оқуымды тәмамдадым. Одан кейін туып өскен жерімде (Жаңақорған ауданы, Әбждіғаппар ауылы) жүк тасып, нәпақамды таптым. Аты жұпыны көрінгенімен, бір күнде табатын табысым 20-30 мың теңге болды. Осылай жұмыстың ешқайсысын артық көрмей жасап жүргенімде «Ақмешіт» институтынан жұмысқа шақырту алдым. Жұмысқа түскен күннен бастап қолыма фотокамера берді, лезде іске кірісіп кеттім. Бұрын-соңды фотоаппарат ұстап көрмеген мен үшін бастапқыда сәл қиын болды. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін жұмыстан тыс уақытта іздене бастадым. Ғаламтордан қолымдағы құралды қалай пайдаланып үйренуге болатынын іздестірдім. YouTube желісін ақтарып, шетелдік видеоблогерлердің монтаждарын көретінмін. Ізденіс пен тәжірибенің арқасында оң нәтижелерге жеттім. Айта кету керек, бұл мансабымның басында қолдау аз болмады. Бәлкім соның арқасында болар, бүгінде бұл мамандықтың шарапатын көріп жүргенім. Бұрынғы жұмыс орнымда Ержан Кенжеев есімді әріптесім болды, ол кісі де фото-видеоға қызығатын. Аға-іні болып араласып кеттік, күнде қызықты және әртүрлі идеяларды талқылайтынбыз.

8-бетте

БИОГУМУС:
ӨЛІ ЖЕРДІҢ ӨЗІНЕН ӨНІМ БЕРУГЕ ҚАУҚАРЛЫ

Кез келген тіршіліктің тірлігі жалғасу үшін түрлі фактор әсер ететіні анық. Мәселен адамзат даму жолында білім алады, денсаулығын күтуде салауатты өмір салтын ұстанады. Сол секілді мұндай даму өсімдіктерге де тән. Бірақ сәл өзгеше. Жасыл түсті тіршіліктің өнуіне, топырағының құнарлы, жемісінің тәтті һәм шырынды болуына тыңайтқыштар әсер етеді. Олар өсімдікке киім де, күш те, денсаулық та бола алады.

Тыңайтқыш – өсімдіктердің өсуін, дамуын және өнімділігін арттыру үшін топыраққа қосылатын таза табиғи өнім. Оған қажетті қоректік элементтерді қамтамасыз етеді, топырақтың құнарлылығын жақсартады. Ал тыңайтқыштар негізгі үш түрге бөлінеді.

Минералды тыңайтқыштар химиялық қосылыстардан тұрады. Олардың құрамында негізгі қоректік элементтер бар. Келесі микробиологиялық тыңайтқыштар тірі микроорганизмдерден құралады, сонымен қатар топырақтың құнарын арттыру үшін микроорганизмдердің қызметін пайдаланады. Ал табиғи түрде пайда болатын, өсімдік және жануарлардың қалдықтарынан алынатын тыңайтқыштарға көң, компост және биогумус жатады. Оларды органикалық топқа жатқызамыз. Ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыруда және экологиялық таза өнім алу мәселесінде органикалық тыңайтқыштар ерекше орын алады, соның ішінде биогумус – ең тиімді әрі қауіпсіз тыңайтқыш.

5

СУБҰРҚАҚТА САҚАЛ ҚЫРЫП, ЕСКЕРТКІШКЕ ЕСІМ ЖАЗДЫ
қоғам дертімен күресті күшейту керек

Вандализм – қоғам дерті. Ескерткіштерді қиратып, қала көркіне нұқсан келтіру фактілері жиі кездеседі. Көшеде жүру мәдениетін білмейтін кейбір азаматтар үшін заңды қатаңдату керек секілді. Салғырттық танытып, жүгенсіздікке барып жатқан «жүгермектердің» тәртіп бұзушылығын әлеуметтік желі арқылы да көріп жүрміз. Көп асқанға бір тосқан қашан болмақ?

2

«АУЫЛ КІТАПХАНАЛАРЫНА 100 КІТАП» АКЦИЯСЫ БАСТАЛДЫ

5

КӨП МЕРЕКЕ МЕЗІ ЕТПЕЙ МЕ?

Адамзат баласының әрбір күні – мереке. Мұнымен айтпағым, 8 млрд 73 млн тұрғыны бар жер бетінің әйтеуір бір түпкірінде әлдебір ел немесе беймәлім этнос өкілдері қалыптасып қалған қандай да бір мерекелерін тойлап жатуы ықтимал.

Ең жарқын естеліктер бала күнгі әр мейрамда ғажайып күтуден бастау алатыны ақиқат. Еңбектеген сәбиден еңкейген қартқа дейін асыға күтетін атаулы даталар бар. Бас қосуға желеу, көңілге демеу болған мерекелер мен той-томалақтың бүгінде түрі көп. Дегенмен бізге барлығы бірдей керек пе? Қоғамның дамуына қандай әсері бар?

Дамыған елдер қатарында көш бастап тұрған АҚШ-та мемлекеттік мерекелер жыл ішінде небәрі 10 күнге белгіленген. Бірқатарын атап өтер болсақ, олар қаңтардың үшінші дүйсенбісінде Мартин Лютер Кинг күнін, ақпанның үшінші дүйсенбісінде Президент күнін тойлайды. Ал тәуелсіздік күні шілденің 4-і болса, қыркүйектің бірінші дүйсенбісінде Еңбек күнін және ардагерлер күнін қарашаның екінші дүйсенбісінде атап өтеді. Жалпы алғанда бұдан басқа да штат деңгейінде жергілікті аталып өтетін «заңды» мерекелері бар. Дегенмен азаматтардың жұмыстан демалыс алатын күндері тек жергілікті басқарманың шешімдеріне байланысты.

7 БЕТТЕ

Басы 1-бетте

СУБҰРҚАҚТА САҚАЛ ҚЫРЫП, ЕСКЕРТКІШКЕ ЕСІМ ЖАЗДЫ

ҚОҒАМ ДЕРТІМЕН КҮРЕСТІ КҮШЕЙТУ КЕРЕК

Қызылорда қаласы жылдан жылға дамып, тіпті күннен күнге көркейіп келеді. Қаланың шұрықтесік жолдары жаңарып, ғимараттар жөндеуден өтті. Көңіл қуантатын жаңа жобалар ел тұрғындарының еңсесін көтеріп, қала күннен күнге құлпыра түсті. Күні кеше қала қолданысына берілген орталық алаң көпшіліктің көңілінен шығып, келуші тұрғындардың көбейгенін байқадық. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен жүзеге асқан құрылыс жұмыстары қаланы көркейтуге бағытталған. Жоба аясында алаңда балаларға арналған ойын алаңы, субұрқақ, жарық диодты шамдар, газон, жаңа төсеніштер орналастырылып, көпжылдық көшеттер отырғызылды. Сондай-ақ тегін Wi-Fi желісі орнатылып, халық игіліне ұсынылды.

Десек те бұл «бақытты» да көп көріп, әдепсіздік танытып жүргендер жетерлік. Мәселен, алаңдағы субұрқақты бассейн қылып, жағажайда жүргендей шомылып жатқан бала көп. Бір өкіністісі оларға ата-аналары тоқтау салмайды. «Бала ғой, балалығын жасасын» дейтіндердің бұл ісі бір бәлеге алып келетінінен ешкімнің сескенгісі жоқ. Алайда басты назарда ұстауға тиіс бір дүние, ол – балалардың қауіпсіздігі. Субұрқақтың іші темір құбырлар мен электр сымдарынан тұрады. Кез келген сәтте қайғылы оқиға орын алуы мүмкін. Күні кеше ҰБТ тапсырып шыққан баланың қуанышы мен ғұмыры субырқаққа секірумен тәмамдалғанын неге ұмытамыз? «Өмірім алда» деп уайымсыз суға секірген баланың ажал құшқанын кімнен көреміз? Сондықтан балаларымызды майып болып қалмай тұрғанда апаттан сақтайық.

Қош... Келесі айтатын мәселе, ол сол алаңдағы өзге субұрқақта сақалын қырған ер кісі туралы болмақ. Естігеннің құлағына түрпідей тиетін бұл әрекетті түсіндіру қиын. Әлеуметтік желіде тараған видеода ер адам еш уайымсыз ұстарасын субұрқаққа малып, қоғамдық орынға жат мәдениет танытты. Ең сорақысы істеген ісіне еш қымсынып та, ұялып та тұрған жоқ.

Әрине, мұндай жағдайлар күнделікті орын алады. Айтып өткеніміздей, орталық алаңда балаларға арналған ойын аймағы бар. Дегенмен де ересек балалар кішкентай балаларға арналған әткеншекте тербеліп, сондай-ақ алаңның жанжағы қоқыс қалдықтарына толып қалған. Одан бөлек, бұзақылар әлі тамыры тереңге кете қоймаған талдарды да сындырып бастаған екен. Өткен жылдың өзінде 70-ке жуық көше шамын тәртіп бұзушылар сындырып кеткен екен. Қазір кім кінәлі десе, әкімдікті кінәлі етіп шығамыз. Десек те тәртіпсіздіктің екінші тараптан екенімен шаруамыз болмайды. Үкімет ескісін жаңартып, жоқтың орнын толтырумен болса, бұзақылар жаңасының жағасынан алып, тесікті жамаудың орнына жыртып әлек. Бұл бір айдың ішінде орын алған жағдайлар легі. Ал алдағы уақытта не болары бір құдайға аян.

«Атың шықпаса, жер өрте» деп бабалар бекер айтпаған ғой. Мұндай бассыздыққа барып жатқан тек қызылордалықтар емес. Жуырда Испания аралап жүрген Әли есімді қандас бауырымызды да осындай бұзықтығы үшін қауіпсіздік қызметкерлері ұстағанын естідік. Ол Помпей археологиялық саябағындағы Цей үйінде ашық түсті сылаққа «ALI» деп атын ойып жазып, тарихи ескерткішке зақым келтірген.

Мамандар мұндай әрекетіне психологиялық факторлар бірден бір әсер етеді және оның төрт сатысы бар деп топшылайды. Атап айтқанда, ессіздік, ойын сауық құрып, өзгелермен бәсекелесу, біреуден кек алу үшін және өзіне назар аудартуды көздейтіндер. Байқасақ, вандализмге жасөспірімдер бейім болады. Яғни, осы сәттен бастап оларды тоқтата білу маңызды, әйтпесе бойға сіңіп кеткен әрекетке тосқауыл болу қиындай бермек.

Үкіметте де вандализмге қатысты заң қатаңдатылған болатын. Кез келген ортада «мүлдем төзбеушілік» қағидасын қалыптастыру мақсатында қоғамдық орындарда балағат сөздер қолданып, айналаға және құрылыс орындарына нұқсан келтірген жандар мен азаматтардың тыныштығын бұзатын әрекеттер үшін ұсынылатын жаза – 15 күн есебіндегі әкімшілік жауапкершілік. Десек те тәртіп-бұзушылар мұнымен ғана құтылып кете алмайды. Аталған бассыздықтардан бөлек барынша арсыздыққа жол беретін азаматтардың үстінен «Бұзақылық» қылмыстық кодексімен іс қозғалып, екі мың АЕК көлемінде айыппұл төлеп немесе 2 жылға бас бостандығынан айырылу жазасына кесілуі мүмкін. ӘҚБтК-нің 448-бабына сәйкес он алты жасқа толмаған немесе кәмелетке толмағандар жасөспірімдердің жасаған бұзақылық әрекеттер үшін ата-аналарға немесе қамқоршыға он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Елімізде вандализммен күрес қарқынды. Депутаттар да бұл сауал аясында жазаны қатаңдатып, заңнаманы жасау барысында халықаралық тәжірибені ескеру керектігін алға тартуда. Өткен жылдың 3 қаңтарында ел Президенті экологиялық бұзушылықтар мен вандализм үшін жауапкершілікті күшейту туралы бірқатар нормативтік құқықтық актілерге қол қойды. Мемлекеттің қорғауындағы ескерткіштер мен ұлттық құндылықтарға қастандық жасау – үлкен қылмыс. Әрбір тарихи-мәдени мұнарада халқымыздың өткен өмірі мен құндылықтары сақталған. Оны сақтау және өскелең ұрпаққа еш кемшіліксіз жеткізу біздің ортақ міндетіміз. Сол себепті әрбір қазақстандықтың жүрегінде еліне және ол қорғайтын кез келген дүниеге деген махаббатты дәріптеуіміз керек. Патриот ұрпақ тәрбиелеп, Отанына сүйіспеншілікпен қарауға дағдыландыру – жас азаматты тәрбиелеу кезеңіндегі маңызды іс.

Жоғарыда атап өткен бассыздықтарға тосқауыл қойылады деп күтеміз. Қоғамдық орында мәдениет сақтап, бассыздықтың алдын алайық.

Қорлан САРЫ

ЖАСТАР ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЗАЛЫ ҚАРМАҚШЫ ЖАЛАҒАШ ШИЕЛІ ЖАҢАҚОРҒАН АРАЛ СЫРДАРИЯ

Бүгінгі бала – ертеңгі ата-ана

«Отбасы» орталығы мекемесі ұлттың тірегі мен алтын діңгегіне айналған отбасы құндылығын сақтап, іргесі берік отбасы болу жолында көптеген жұмыс атқарып келеді. Жастар мен жас отбасылардың қатысуымен кезекті тағылымы мол шара өтті.

«Бүгінгі бала – ертеңгі ата-ана» атты кездесуге «AMANAT» партиясының атқарушы хатшысы, партияның «Әйелдер қанаты» облыстық филиалы бойынша «Әйелдердің қаржылық сауаттылығына және гендерлік бюджеттеуге жәрдемдесу» бағытының жетекшісі Гүлшат Мусаева, облыс бойынша бала құқықтары жөніндегі уәкіл Маржан Бисенова және «Әкелер Одағы» ҚРҚБ Қызылорда облысы бойынша филиалының басшысы Ескендір Ержан арнайы қатысып, Әйелдер қанатының жұмысы, Әкелер одағының мақсаты мен облыста атқарылып жатқан шаралар және балалардың құқықтарын қорғау жөнінде ақпарат берді.

Еркін диалог алаңы форматында ұйымдастырылған кездесуде жас отбасылар өздерін толғандырған баспана жайы, гендірлік мәселе, бала құқығы сынды тақырыптарда сұрақтар қойып, мамандардан жауап алды.

Балық шаруашылығы қызметкерлері марапатталды

Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясында «Балық шаруашылығы қызметкерлері күні» мерекесіне орай марапаттау рәсімі өтті.

Іс-шара барысында Қызылорда облысы Табиғи ресурстар және табиғатты реттеу басқармасының инспекция қызметкерлері «Балық шаруашылығы саласында еңбек сіңірген қызметкері» мен «Балық шаруашылығы саласындағы мінсіз қызметі үшін» медальдарымен, ҚР Балық шаруашылығы комитеті төрағасының міндетін атқарушысының «Құрмет грамотасымен», «Алғыс хаттарымен» және облыс әкімі орынбасарының «Алғыс хатымен» марапатталды.

Балалық шақтың бал күні

Елімізде Қазақстан Халқы Ассамблеясының «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасы аясында түрлі шара өткізіліп келеді. Қазалыда осы жоба аясында аудандық қоғамдық даму бөлімінің қолдауымен «Балалық шақтың бал күні» атты эстафеталық сайыс өтті.

Ұлттық құндылығымызды дәріптеу мақсатында «Шағала» балаларды сауықтыру демалыс орталығында өткен сайыста тыныгушылар топ-топқа бөліну арқылы түрлі ұлттық ойындар ойнап, сайысқа түсті. Шараны сауықтыру орталығының директоры Дархан Айналинұлы ашып, сайысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Шара соңында аудандық Аналар кеңесінің төрайымы Шакизада Келімбетқызы, Қоғамдық даму бөлімінің әдіскері Жанар Қазиқызы қорытынды сөз сөйлеп, сайыста жеңімпаз атанған топтарға арнайы дипломдар мен бағалы сыйлықтар табыстады.

«Qadam Keruen» жәрмеңкесі

Аудандық «Qadam» жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен Иіркөл және Төребай би ауылдық округтерінде «Qadam Keruen» жастарды әлеуметтендіруге бағытталған жәрмеңке өтті.

Жәрмеңкеге сала мамандары қатысып, жастарға мемлекеттік бағдарламалар, кәсіпкерлікке бағытталған гранттар мен несиелер, дипломмен ауылға, жұмысқа орналасу бойынша және құқықтық кеңестер берілді.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде өзекті мәселелер төңірегінде ауыл жастары сала мамандарының кеңесіне жүгініп, үлкен мүмкіндіктерге қол жеткізді. Шара соңында жастар арасында спорттық жарыстар ұйымдастырылып, белсенді жастар марпатталды.

Лудомания

Жастар ресурстық орталығы мен отбасын қолдау орталығының ұйымдастыруымен жаһандық мәселеге айналған заңсыз ойын бизнесі мен лудоманияның алдын алуға, құмар ойындарына қарсы мінез құлықты қалыптастыру мақсатында «Жасыл ел» еңбек жасағы сарбаздарымен кездесу өткізілді.

Кездесу барысында жасөспірімдерге лудоманияның кез келген түрі қауіпті екені айтылып, жат әдеттерден сақтануға, салауатты өмір салтын ұстануға, еркін ойлы, шығармашыл азамат болуға шақырды.

Департамент басшысы аудан жастарымен кездесті

Аудандық Жастар ресурстық орталығында департамент басшысы Ерлеген Мендалиев аудан жастарымен еркін форматта кездесу өткізді. Жиынның басты мақсаты – талантты жастарды мемлекеттік қызметке тарту, олардың бойында мемлекеттік қызметке деген қызығушылықты арттыру, Отан сүйгіштікке баулу, сол арқылы кәсіби кадр құрамын арттыру.

Шара барысында департамент басшысы Ерлеген Жәрдемұлы қазіргі уақытта жас мамандардың мемлекеттік қызметке орналасуы барысындағы өзгерістерге тоқталып, кеңінен ақпарат берді.

Мемлекеттік қызмет саласындағы басқа да жаңалықтар жөнінде хабарлама жасап, мемлекеттік қызметке үміткерлерді іріктеу тәртібі туралы, соның ішінде Агенттікпен мемлекеттік қызметке іріктеу барысындағы жаңа пилоттық жоба бойынша түсіндірме берді. Шараға Сырдария ауданының жоғарғы сынып оқушылары, студенттер және жоғарғы оқу орнын бітірген жастар қатысты.

Ақын Нартайдың сырнайы табылды

Құнды жәдігер Шиелі ауданы «Төңкеріс» ауылының тұрғыны Бегайым Сейітжанованың сандығында сақталған. Ауыл тұрғыны Ілесбек қарияның айтуынша, анасы Бегайым әнге бейім, сөзге шешен болған. 1943 жылы Алматыдан Роза Бағланова келіп, концерт қояды. Сол кеште мектеп оқушылары да өнер көрсетеді. Жас таланттың дара дауысын ерекше бағалаған әнші оған өзімен бірге алып кетуге ұсыныс жасайды. Бірақ қарт әкесі жалғыз қызын жібермеген көрінеді.

– Анамыз Нартай Бекежановтың қарындасы болып келеді. Бала күнімізде үйде бір аспап тұратын. Оны ақ матамен орап, сандығына салып қоятын. Содан неше жылдай сақтаулы жатты. Нартай бұл сырнайымен 1936 жылы Мәскеудегі қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде ән айтқан. Бұған 1990 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Аманат» кітабындағы сурет дәлел,– дейді Ілесбек қария.

Қазір құнды жәдігер Нартай ән мектебінің жарқын өкілі Дәулетхан Ізбасқанға табысталған.

Мүмкіндіктер керуені

Жастардың қоғамдық-саяси өмірдегі белсенділігін арттыру мен жан-жақты қолдау мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Осы ретте Жаңақорған ауданы әкімдігінің қолдауымен, аудандық жастар ресурстық орталығы «Мүмкіндіктер керуені» іс-шарасын Жаманбай батыр, Қыраш ауылдық округтерінде жалғастырды.

Жастарды әлеуметтендіруге бағытталған іс-шара бірнеше кезеңді қамтыды. Оның ішінде мемлекеттік бағдарламалар аясында кеңес беру жұмыстары өткізілді. Аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі, Мансап орталығы, «Отбасы банк» АҚ және жастар орталығының мамандары түсіндірме жұмыстарына атсалысты.

Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруда бірнеше спорттық сайыс өткізіліп, нәтижесінде қатысушы жастар жүлделі орындармен марапатталды.

Орталық басшысы Н.Орынбасаров ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі ҚР Президентінің жанындағы жастар саясаты жөніндегі кеңестің бастамасы бойынша «Jas Kenes» сыйлығына өтінім қабылдау басталғанын және жалпы ереже бағыттарына түсіндірме жүргізді. Сонымен қатар, бітіруші түлектерге арналған ЖОО-ға бөлінген гранттар, тегін орта техникалық білім, жастар кәсіпкерлігін қолдау бағдарламасы секілді көптеген мүмкіндіктің бар екендігін жеткізді. Аудан бойынша еріктілік бағытындағы атқарылған жұмыстарымен бөлісті.

«АЖ» ақпарат

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДАҒЫ КӨМЕК ПЕН ҚОЛДАУ

Әлеуметтік саладағы басты міндеттердің бірі – мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек көрсету. Мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қызмет көрсету және қолдау шаралары олардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған. Мәселен биыл өңірде аталған бағыттағы оңалтудың жеке бағдарламасын орындауға республикалық және облыстық бюджеттен барлығы 6,6 млрд теңге бөлінген. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының міндетін атқарушы Жанар Дәулетбаева баяндады.

− Бүгінге дейін әлеуметтік қызметтер порталы арқылы 23 925 мүгедектігі бар адамның 81,5 пайызы оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз етілді. Облыс көлемінде 2023-2027 жылдарға бекітілген жоспарға сәйкес биыл 374 инфрақұрылым объектілеріне бейімдеу жұмыстары жоспарланған. Нәтижесінде қазір 69 нысанға толық бейімдеу жүргізіліп, республикалық қолжетімділіктің интерактивті картасына енгізілді, − деді Жанар Жұмабекқызы.

Жаңа бастамалар легінде инватакси қызметін көбейту қарастырылған. Облыс көлемінде бұл қызметке 40 автокөлік қосылады. Оның ішінде 11 автокөлік кресло-арбамен жүретін мүгедектігі бар адамдар үшін бейімделген. Қызылорда қаласына 14, Байқоңырға 3, ал аудандарға 23 көлік тиесілі. Бұл қызметті жандандыруға бюджеттен 124,3 млн теңге бөлінген.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының мәліметінше, облыс әкімінің ұсынысына сәйкес осы жылы «халық банк» акционерлік қоғамы тарапынан банктің жүз жылдығына арналған «100 игі іс» науқаны аясында Қызылорда мен Байқоңыр қалаларына мүгедектігі бар адамдарды тасымалдауға әрқайсысының құны 23 млн теңге тұратын арнайы 2 инватакси көлігі сыйға тартылған.

Айта кетейік, өңірде 33 764 мүгедектігі бар адам тіркелген. Нақтырақ айтсақ, I топта 4166, II топта 10 509, III топта 12426 адам, ал 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар бала саны 6 663-ке жеткен.

Сондай-ақ спикер биыл алғаш рет облыс бойынша барлық санаттағы мүгедектігі бар адамдар мен балалардың әрқайсысына 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір реттік әлеуметтік көмек беруге облыстық бюджеттен қаржы бөлінгенін жеткізді. Бұл көмек Қазақстан Республикасындағы Ұлттық мереке − 25 қазан Республика күніне орай төленеді.

Әлеуметтік саладағы негізгі мәселе атаулы әлеуметтік көмек туралы баяндасақ. Биыл мемлекеттік көмекке 5,9 млрд теңге қаржы бөлінген. Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасындағы бір жастан алты жасты қоса алғанға дейінгі 8 773 балаға 194 млн теңге қосымша төлем төленген. Ал жұмыссыздықпен күрес жұмыстары аясында биыл бос жұмыс орындары жәрмеңкесі 48 мәрте ұйымдастырылған.

− Бос жұмыс орны жәрмеңкелерінде 684 жұмыс берушіден 3 мыңға жуық бос жұмыс орындары ұсынылып, жәрмеңкеге қатысқан 2 мыңнан астам жұмыссыздың ішінен 1 397 адам жұмысқа орналасып, 30 адам оқуға жолданды.

Осы жылғы I жартыжылдықтың қорытындысы бойынша Өңірлік жұмыспен қамту картасы аясында облыстағы 21874 азамат жұмысқа орналастырылып, жылдық меже 47,1%-ға орындалды, − дейді басқарма басшысы.

Жұмысқа орналастырылған 22 мыңға жуық адамды жекелеп қарастырсақ, 1 538 адам ұлттық жобалар аясында іске асырылған жаңа жұмыс орындарына, 2 990 адам Мемлекет басшысының «10 мың адамға 100 жұмыс орнын құру» тапсырмасы бойынша, 4 741 адам еңбек биржасы арқылы бос жұмыс орындарына орналастырылған. Қоғамдық жұмыстарға, жастар практикасына және әлеуметтік жұмыс орындарына 11 883, ал 722 адам жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға берілетін мемлекеттік грант иеленіп, өз кәсіптерін ашқан.

Әлия ТӘЖІБАЙ

Қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен этносаралық қатынас, мемлекеттік ақпараттық саясат, жастар саясаты мәселелері, сондай-ақ, азаматтық қоғам институттарын дамыту және қолдау, мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру. Мұның барлығы да қоғамдық даму басқармасының атқаратын негізгі қызметтері. Облыс көлемінде атқарылып жатқан игі істердің ізіне үңілсек, қоғамдық даму басқармасының қолтаңбасын анық байқауға болады. Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов 6 айда атқарылған жұмыстардың қорытындысын мәлімдеді.

ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ БАСҚАРМАСЫ ІРГЕЛІ ІСТЕРДІҢ ІЗІНДЕ

Брифинг барысында басқарма басшысы БАҚ қызметкерлерінің еселі еңбегін тілге тиек етті. Сондай-ақ Журналистер қауымының кәсіби мерекесі аясында атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– 28 маусымда Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне орай дәстүрлі «Қанатты қалам» іс-шарасы ұйымдастырылды. Мерекеде аймақтың ақпарат саласының дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар БАҚ өкілі облыс әкімінің арнайы марапатына ие болып, құрмет төрінен көрінді. Мемлекет басшысының Жарлығымен «Ақмешіт ақшамы» газетінің бас редакторы Сәрсенкүл Бихожаева «Құрмет» орденімен, «Qyzylorda» телеарнасының бас инженері Бақытжан Шүкенов, «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Қуат Шарабидинов «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Бірқатар БАҚ қызметкеріне облыс әкімінің, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің марапаттары табысталды. Мұнан бөлек, үздіктерге түрлі номинация берілді. Одан бөлек, биыл алғаш рет Сахитжан Бермағанбетов атындағы журналистер арасында кіші футболдан облыстық турнир өткізілді. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын таппақ, – деді Алмасбек Әбілқасымұлы.

Брифингте Мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру бағытында «Аймақта мемлекеттік тіл саясатын іске асыру» жобалары туралы айтылды.

– Жалпы, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, толыққанды қызметін қамтамасыз ету мақсатында түрлі форматта, барлығы 67 шара өткізіліп, оған 5000-ға жуық адам қамтылды. Мемлекет Басшысының Түркістан және Атырау қалаларында өткен Ұлттық Құрылтайларда ономастика саласы бойынша берген тапсырмалары негізінде бірқатар заңнамалық актіге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуде. Қазіргі таңда ономастика саласында өзектендірілген «Тарихи тұлғалар», «Жер-су атаулары», «Дәстүрлі атаулар» тізімдері мен Әдістемелік ұсынымдар басшылыққа алынуда, – деді Алмасбек Әбілқасымұлы.

ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ

Көпқабатты тұрғын үйлер мен зәулім ғимараттар қаланың көркіне көрік қосып, шаһардың шырайын аша түседі. Сондықтан да болар кез келген мемлекеттің не қоғамның дамуына құрылысы мен көше келбетіне қарап, баға беріп жатады. Бүгінде өңірде бой көтерген әрбір нысан аймағымыздың алға басуының айғағы.

Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында құрылыс саласына қатысты баспасөз конференциясы өтті. Жиында облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Ерлан Төрәлиев 2024 жылдың I жартыжылдығында атқарылған жұмыстардың қорытындысы және алдағы жобалар жөнінде баяндады.

– Жоспарланған қаржы 100% игерілді. Бөлінген бюджет көлемі 2022 жылмен жылмен салыстырғанда төрт есеге өсті. Басқарманың тапсырысы арқылы негізгі 4 күрделі сала бойынша құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Олар – білім, денсаулық сақтау, спорт және мәдениет салалары. Білім саласында биыл 35 нысанның құрылысын жүргізу жоспарланып, қазір 24 нысанның құрылысы қарқынды жүріп жатса, 1 нысан пайдалануға берілді. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 21 мектеп салу бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде. Өткен жылы 10 мектептің құрылысы басталды, олардың барлығын осы жылы аяқтау жоспарланған. Қалған 11 мектеп биыл басталып, 2025 жылы ел игілігіне беріледі. Биыл пайдалануға берілетін мектептердің барлығына инфрақұрылым жеткізілген, абаттандыру жұмыстары да жақын күндері басталып, 1 тамызға дейін аяқтау межесі қойылған, – деді Ерлан Кәрімбекұлы.

Басқарма басшысы биыл облыста барлығы 176 нысан салынып жатқанын мәлімдеді. Қаржыландырудың барлық көздері есебінен 330,5 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, өткен жылдың сәйкес кезеңіне 103,7% құрап отыр. Сонымен қатар «Білімді қолдау қоры» арқылы Қызылорда қаласында физика-математика бағытындағы 400 орындық оқу корпусы мен 300 орындық жатақханасы бар мектеп-интернаттың құрылысы жүруде.

– Сондай-ақ денсаулық сақтау саласы бойынша 20 нысанның құрылысы жүріп жатыр. Ұлттық жоба бойынша 11 нысан, яғни 9 амбулатория және 2 ФАП-тың құрылысын биыл қазан айында аяқтап, тапсыру жоспарда бар. Ал спорт саласы бойынша 14 нысан салынуда, оның ішінде ең ауқымдысы 7000 адамдық орталық стадион болып отыр. Стадион құрылысын келесі жылдың наурыз айында толықтай аяқтауды жоспарлап отырмыз. Ал мәдениет саласы бойынша жыл басында ең үлкен жобамыз өнер орталығын табыстадық.Ендігі мақсат жеті ауданда өнер орталықтарының құрылысын жүргізу. Оның бесеуі биыл толықтай салынып, қолданысқа берілсе, қалған екеуін келесі жылы аяқтаймыз, – деді Ерлан Кәрімбекұлы.

Аружан ОРАЛБАЙ

Бүгінде өңірдегі ауыл шаруашылығы саласы қарқынды даму үстінде. Әсіресе, мал шаруашылығын дамытуға жасалған қолдаулардың нәтижесінде облыстағы төрт түліктің саны өсіп, өнімі де ұлғайып келеді. Мәселен, биыл мүйізді ірі қара өткен жылмен салыстырғанда 7,6 пайызға өскен. Ал қой мен ешкі басы 878,3 мыңды, жылқы басы 260,3 мыңды құрап отыр.

ТӨРТ ТҮЛІКТІҢ САНЫ ӨСІП КЕЛЕДІ

Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Ерсұлтан Апетов саладағы өзгерістер мен жаңашылдықтарды баяндады.

– Өңірдегі ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттық әлеуеті жыл сайын артып келеді. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, 2023 жылдың 1 мамырына облыстан 12,5 млн долларды құрайтын 22,0 мың тонна ауыл шаруашылығы өнімдері, яғни күріш, балық өнімдері, күріш қалдығы, қамыс әлемнің 15 мемлекетіне экспортталды. Одан бөлек өткен жылы «Ауыл аманаты» жобасы аясында 406 жоба несиелендіріліп, нәтижесінде 713 жаңа жұмыс орны ашылуда. Оның ішінде 275 адам жаңадан кәсібін ашқан болса, 438 қосымша жұмысқа тартылды. Биыл да республикалық бюджет есебінен 575 жоба қаржыландырылып, 610 жұмыс орнын ашу көзделіп отыр. Қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес сенім білдірілген өкіл айқындалып, келісім шарт жасалды. 2024-2026 жылдары іске асырылатын инвестициялық жобалардың жол картасы бойынша 30 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Сондай-ақ, биыл 13 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Қазір 2 жоба іске қосылып, 9 адам тұрақты жұмыспен қамтамасыз етілуде, – деді Ерсұлтан Амантайұлы.

Қызылорда облысының Өңірлік коммуникациялар қызметі

109 БІРЫҢҒАЙ БАЙЛАНЫС ҚЫЗМЕТІНЕ 90 МЫҢҒА ЖУЫҚ ӨТІНІМ ТҮСКЕН

109 бірыңғай байланыс орталығы тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы саласына қатысты сұрақтарға жауап береді. 24/7 режимінде қызмет көрсетеді.

Орталыққа келіп түскен барлық өтініш зерделеніп, әрі қарай мәселені белгіленген мерзімде шешу үшін мемлекеттік органдарға, коммуналдық қызметтерге жолданады. Келіп түскен өтінімдердің ішінде 20143 оқыс оқиға болса, 14355-і кеңес беру мақсатында жолданған. 2916 шағым болса, 36 ұсыныс, 137 алғыс және 51152 өтінім ақпаратқа сұрау салу бойынша тіркелген. Бұл туралы Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Жедел әрекет ету орталығы» КММ-нің директоры Руслан Бүркітбаев мәлімдеді.

– Байланыс орталығының жұмысына барлығы 28 адам тартылған. 109 – қызметі 24/7 режимінде жұмыс істейді. 2024 жылы өтініштерді қабылдау мен тіркеудің тәуліктік орташа статистикалық саны – 498 өтінімді құрады.

«Smart City» жобалары аясында Қызылорда облысында қала қызметі iorda.kz порталы 2023 жылдың 20 қыркүйегінен бастап іске қосылды.

Қызылорда облысының геоақпараттық порталында орналастырылды.

Осылайша портал көмегімен 1398 өтінім тіркелді.

Қызылорда қаласының тұрғындары қала қызметі iorda.kz порталы арқылы электр жарығы, сумен, жылумен жабдықтау жене қоқыс шығару бойынша шарттарды проактивті қызметтің көмегімен жасай алады, – деді Руслан Бейбітбекұлы.

«АЖ» ақпарат

БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ – ОТБАСЫ

«Қарты бар үй қазыналы» демекші, бүгінде сол қарттарымызға құрмет көрсететін жас аз. Ғұмырының көбі кетіп, азы қалған жандарды қарттар үйінің қамқорлығына өткізетіндердің саны көп. Өкінішті-ақ. Тағдырдың мұндай сынына төтеп беруге көмектесіп, оларға жанашырлық таныта білетін жалғыз орын – «қарттар үйі». Осы орайда Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мейірбикесі Мөлдір Қонысбаевамен тілдескен едік.

– Бастапқы жылдары балаларға арналған интернат үйінде қызмет еткен екенсіз. Біле білсек, ересек адамдарға қарағанда баламен жұмыс істеудің машақаты көп. Алғашқы қызметіңіз туралы айтып беріңізші?

– Мансабымдағы алғашқы тәжірибемді «Балаларға арналған арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығында» бастадым. Бұл орталықтың қамқорлығындағы бүлдіршіндер «ерекше» болатын. Сол себепті оларға аса қамқорлық таныту қажет. Олар әр қызметкердің көзіндегі мейірім отының ұшқынына мұқтаж еді. Кез келген бала инеден сескенеді емес пе? Сол секілді кей бүлдіршіндер де емдік шара кезінде инеден қорқып, психологиялық тұрғыда түрлі агрессиялық мінез көрсететін. Осы сәтте оларды баппен тыныштандырып, жылулықпен, еркелете отырып ем-шараларды орындайтын едік. Әрине, сырт көзге балалармен жұмыс істеу ересектерге қарағанда қиын болып көрінуі мүмкін. Дегенмен бұл ойларыңызды жоққа шығарғым келеді. Себебі адам қартайған сайын да ерекше көңіл аударғанды қалайды, махаббат пен сүйіспеншілікке бөленгісі келеді.

– Қарттар үйінде 2015 жылдан бері қызмет етесіз. Бүгінде қанша қария бұл мекеменің қамқорлығында және оларға көрсетілетін медициналық көмек туралы айта өтсеңіз...

– 2015 жылы жұмыс орнымды қарттар үйіне ауыстырдым. Ол кездегі атауы «Қарттар мен мүгедектерге арналған арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» еді. Сол кездегі атынан байқасақ болады, қарттар үйі тек егде жастағы жандарға ғана емес, одан бөлек 1-ші және 2-ші топ мүгедектігі бар азаматтарға да қамқорлық көрсетеді. Қазір 4 тыл ардагері осы мекеменің қамқорлығында. Сондай-ақ жасы ең үлкен қария – 91-де, ал ең жасы – 41-де.

Мекемеміз 263-ші стандартқа сәйкес медициналық-әлеуметтік көмек көрсетеді. 280 орын қарастырылған, оның 180-і – стационар, 100 орын күндіз көмек алатын қарияларға арналған. Медициналық көмек ем-шара кабинеті, физиотерапия кабинеті, парафин кабинеті, галотерапия (тұзды бөлме) кабинеті, массаж, оңалту, емдік дене шынықтыру кабинеті арқылы көрсетіледі. Қарттар үйі паллиативті емдеу палатасымен қамтылған. Бұл бөлме ылғалданған кислород беретін аппараттан бастап, алғашқы көмек көрсететін, емдік шара жасайтын дәрі-дәрмектермен қамтылған. Осы аталған процедураның барлығын атқару үшін медициналық бөлімде 9 дәрігер, 27 мейіргер күндіз-түні үздіксіз қызмет етеді.

– Сіздің атқарып жүрген жұмысыңыз өте маңызды. Күтпеген жағдай орын алып қалуы мүмкін. Қарттармен өзіңіз де әңгімелесетін шығарсыз. Яғни, оларға тек медициналық көмек қана емес, психологиялық тұрғыда да қаншалықты жәрдем беруге тырысасыз?

– Әлемді жаулаған коронавирус індеті кезінде мекемедегі бір қарт кісі осы дертке шалдықты. Жағдайы мүшкіл болды. Ол кісіге стационардан кейінгі оңалту жұмыстары қарттар үйінде жүргізілді. Құдайға шүкір, барлық ем-дом шарасынан кейін дертінен айығып, аяққа тұрды. Ұзақ уақыт емделген соң өзінің отбасына деген сағынышы басым бола бастады. Осы орайда оның туысқандарына түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, өзінің бауырлары алып кетті. Осындай жайттардың бірі мекеме қамқорлығындағы 2-топ мүгедектігі бар азаматпен болды. Қант диабетімен, сондай-ақ өзге де қосалқы ауруларының әсерінен ол кісі жүре алмайтын хәлде еді. Десек те азаматтың тізесіне эндопротез салынуына байланысты медициналық көмек көрсетіліп, сырқатынан айығып кетті. Кейіннен мүгедектігі 3-ші топқа ауысып, қарттар үйінен өзінің шаңырағына оралды. Сырқат кезінде отаға, өзге медициналық көмекке жүгінетін жағдайы болмаған. Әлі күнге дейін бізге дән риза екендігін мейрам сайын жеткізіп отырады. Шынына келгенде мұндай жағдай көп болады. Кез келген көмек қолын сұраған жанға біздің мекеме жәрдем етуге дайын. Өзімнің де ұзақ уақыт осы жерде қызмет етуіме осындай жетістіктер себеп. Судың тамшысындай көмек берсем де, олар үшін бұл қызметімнің пайдасы мұхиттай болып көрінеді. Сондай-ақ бұл орталықта жұмыс жасағалы сапалы қызмет көрсету мақсатында білімімді жетілдіріп отырамын. Сол еңбектің арқасында қазір жоғары білімді денсаулық сақтау бакалавры атандым.

– Мұнда медициналық дәрі-дәрмектер тегін бе? Олар қариялар үшін тапшылық тудырмайды ма? Орталыққа мемлекеттен көрсетілетін жәрдем жеткілікті ме?

– Қариялар дәрі-дәрмекпен жеткілікті қамтамасыз етілген. Орталық тарапынан және емханада негізгі ауруларына сәйкес есепте тұратын қариялар толықтай ГОМПБ негізінде дәрі-дәрмек алады.

– Қарттар үйінен тек қана сол жақтағы қариялар ғана емес, одан бөлек те ардагер кісілер ем алады. Өзге де қариялар ол жерден медициналық және психологиялық көмек алу үшін қандай критерийлер бойынша құжат тапсыруы керек? Ал жастарға қарт ата-аналарын тастамас үшін қандай кеңес берер едіңіз?

– Қариялар орталықтың күндізгі бөліміне келу үшін Қызылорда қалалық әлеуметтік қамсыздандыру ісін басқаратын мекемесіне жүгінсе болады. Ал бейімдеу орталығының берген жолдамасы арқылы қарттар үйінің стационар бөліміне келе алады. Лайым тек медициналық көмек алу үшін ғана жүгінсе жөн болар еді. Себебі әр ата-ана баласының өсіп-өнгенін, отбасы құрып, бақытты болғанын қалайды ғой. Қартайды екен деп, қадірі қашқандай қарттар үйінде жәутеңдетіп еш қарияның қалғанын қаламас едім.

Жалпы сұрағыңызға «Бақыттың кілті – жанұя» кітабының үзіндісімен жауап бергім келіп тұр. Онда былай жазылған: «Адамдар қартайған сайын жас балаға ұқсайды. Осы себепті кейбір келеңсіздіктері болуы мүмкін. Бұларды түсіністікпен қабылдауымыз керек. Кез келген жағдайда адам өзін сол адамның орнына қойып көрмейінше, өзара түсіністік, құрмет азая береді. Шыдамсыздықтың басты себебі де осы. Олар біздің жастық шағымызды өткермейді, бірақ ертең біз олардың кәрілік шағын өткереміз, осыны ұмытпауымыз керек. Дүние кезек, бүгіннің ертеңі де бар. Кейбір нәрселерді артқа қайтару мүмкін емес. Перзент ретінде мойнымыздағы борышты дұрыс атқарсақ мәселе болмайды. Өмір бойы «әттең, былай еткенде ғой» деген уайым жемейтін болады». Расымен де, өмір алма-кезек болғандықтан, ата-анамыз бар кезінде қадірін біліп, уақытында сый-құрмет көрсетуіміз керек. Барлығы уақытша екендігін ұмытпайық. Десек те неше түрлі тағдыр бар. Ата-ана болу бақыты бұйырмаған жандар үшін бұл мекеменің берері көп.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Нұршат НЫШАНОВА

«АУЫЛ КІТАПХАНАЛАРЫНА 100 КІТАП» АКЦИЯСЫ БАСТАЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық Құрылтай отырысында кітап мәселесіне ерекше мән бергені мәлім. Расымен, кітап күллі дара қасиеттері адам бойына жия алатын «тілсіз» құрал. Кезі ашық, көкірегі ояу азамат болу үшін кітаптан алған білімнен асқан күш жоқ. Осы орайда шалғайда тұратын бүлдіршіндердің таным көкжиегін кеңейту мақсатында «Ауыл кітапханаларына 100 кітап» акциясы қолға алынды.

Президент өз сөзінде: «Шын мәнінде, кітап оқитын ел зиялы ұлтқа айналады. Біз жас ұрпақтың кітапқа құштарлығын оятуымыз керек» деген болатын.

Бастау алған акция аясында шалғайдағы жасөспірімдердің кітапқа деген қызығушылығы артады деп сенім арткан Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Абай Құнанбайұлының ауылы Қарауылға және Қаныш Сәтбаевтың ауылына Баянауылға және өз туған ауылына әлем және қазақ әдебиетінің үздік шығармаларын, танымдық-ағартушылық әдебиеттерді сыйлап, өзге де әріптестерін акцияны қолдауға шақырды.

«Ауыл кітапханаларына 100 кітап» акциясы Қызылорда облысында да бастау алды. 11 шілде күні Ә.Тәжібаев атындағы облыстық-әмбебап ғылыми кітапханасында мемлекет тарапынан келген кітаптарды табыстау рәсімі өтіп, Арал, Қазалы және Шиелі аудандарының шалғайдағы елді-мекен кітапханаларына кітап табысталды. Шарға облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Қазбекова қатысып, бастау алған акция оқырмандардың игілігіне жарайды деп сенім білдірді.

– Ұлттық Құрылтайда берілген Президент пәрмені толық орындалып, 23 сәуір Үкімет қаулысымен Ұлттық кітап күні болып бекітілді. Әрине, бұл оқырман қауым үшін өте жағымды жаңалық. Заманымыздың заңғар жазушысы Әбіш Кекілбайұлы айтқандай, адамды адам еткен кітапхана мерекесі, адамзат еткен кітапхана мерекесі, сонымен бірге, дүниенің ақиқаты сыйған кітапты ұмырының бір бөлшегіне айналдырған оқырман мерекесі ғибратты әрі мәртебелі болғай!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан Арал ауданындағы Құланды ауылдық кітапханасына, Шиелі ауданындағы Сұлутөбе ауылдық кітапханасына және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебайдың атынан ұрпақты кітап оқуға үйрету – ұлттық идеологиямыздың негізгі тармағы. Жалпы, кітап – адамның сауатын ашып, кез келген жаңа ұстаз секілді үйретуден жалықпайтын құрал. Акция сәтті болып, ауылдағы бүлдіршіндерге септігін тигізсін, – деді Абайбек Жүнісов.

Сондай-ақ онын айтуынша, АҚШта өзі куә болған «Көше кітапханасы» жобасын тілге тиек етті. Әркім өзінің оқыған кітабын арнайы жәшікке әкеліп салады, осының арқасында өзге де адамдар кітаптың игілігін көреді. Бұл да бір халыққа кітаптың пайдасы мен құндылығын дәріптеудің тәсілі.

Қорлан САРЫ

Басы 1-бетте

БИОГУМУС:

ӨЛІ ЖЕРДІҢ ӨЗІНЕН ӨНІМ БЕРУГЕ ҚАУҚАРЛЫ

Мәселен 2020 жылы «Ботаникалық баққа» егілген алма ағаштары 4 жылдан кейін ғана жеміс берді. Себебі биылдан бастап ағаштардың топырағына биогумус қосылған. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің білім алушылары калифорниялық шылаушындар мен органикалық қалдықтардан тыңайтқыш дайындап, егіншілікте пайдалануда. Қара күзде жұмысқа кіріскен студенттердің еңбегі ақталып, ботаникалық бақтың жағдайы жақсарғанын естіген соң ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті «аграрлық технологиялар» білім беру бағдарламасының қауымдастырылған профессоры Раушан Нұрымовамен байланысқа шығып, бақтағы оң өзгерістерді көзбен көріп қайттық. Расымен де алаң жасыл желекке айналыпты. Әрине, мұның барлығы ізденіс пен еңбектің жемісі.

Ботаникалық бақта 1 гектар жерде 500 түп ағаш бар. Жалпы ағаш саны 2 мыңға жуық. Ал биогумус 15 түп алма ағашы, ММ 106 ергежейлі алма ағашы, 18 түп «Ренет Симиренко» апорт жемісінің топырағына жайғастырылған. Қазір суғару арық арқылы жүзеге асуда. Жас ғалымдардың айтуынша, алдағы уақытта тамшылатып суғару барысында биогумусты сұйықтық ретінде сумен бірге таратуға болады. Бұл тиімді әрі оңтайлы тәсілдердің бірі. Жалпы тыңайтқышпен жұмыс өткен күзде басталып, биыл ерте көктемде қолданысқа енген.

Ботаникалық бақтың тыныс тіршілігімен танысу жапырағы мата тәріздес әрі жұмсақ катальпадан басталды. Кейін Раушан Дүйсенқызы қызық оқиғаларымен бөлісті.

– Орталыққа биылдан бастап «Ботаникалық бақ» атауы берілді. Бұған дейін агро-биологиялық орталық деп аталды. Білім ордасының сол кезеңдегі басшысы Қылышбай Бисенов және университет мамандарымен бірге ағаштарды өз қолымызбен ектік. Жалпы әр шөптің, ағаштың жеке хош иісі болады. Жұпар иіспен жұмыс істеу қатты ұнайтын, тіпті сол үшін біз мұнда ертерек келетінбіз. Менің арамшөптерді жұлатын уақытым таңғы 4 шамасында басталатын. Нағыз демалыс, терапия...

Ал командамыз сағат 5:00-де келіп, 6:00-ден өте үйге қайтатын. Бұл шамамен ковидке дейін, 2019-2020 жылдар еді, – деп қауымдастырылған профессор жылы естелігімен бөлісті.

Бүгінде бой көтерген алма ағаштарының егілетін уақытында университет ректоры лауазымына Бейбіткүл Кәрімова келген. Әңгіме барысында Раушан Нұрымова басқарма басшысының қолдауына және алма түптерін тегін әкелген бағбанға алғыс білдірді.

− Ботаникалық бақтың жұмысына Қылышбай Алдабергенұлы қолдау білдіріп, кейін Бейбіткүл Сәрсемханқызы жұмысымыздың дамуына зор ықпал етті. Жастардың қызығушылығын, еңбегін жоғары бағалап, жұмыс істеуге қолайлы жағдай жасады. Университеттің ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Майнұр Әбілтайқызы да әрдайым оқытушылармен, студенттермен тығыз байланыста, − деді Р.Нұрымова.

Жұмыс процесі төрт жыл алдын басталған. Қазір жайқалған ботаникалық бақта түрлі формаға икемді туя өсуде. Бұлай деуімізге себеп оны төртбұрышты, жылан тәріздес, дөңгелек секілді өсіруге болады. Бастысы пішініне жастайынан үйреткен дұрыс. Біз бақта домалақ туяны көрдік. Бірақ мамандар пішінін әлі де өзгертуге болатынын айтты. Ал жас ғалымдар оның формасын аспаннан түскен кометаға теңейді.

– Туяның сырғалары да бар. Айналасындағы арамшөптерді жұлып жатқанда иісінің өзінен кең демаласың. Ол иісті дүниеден табу мүмкін емес. Сондай-ақ өткен жылы бүркемелеу әдісін қолдану арқылы арпа егілген еді. Биыл ерте көктемде катальпа отырғызылды. Ал павловния ағашының тамырын 40 бөлшекке бөліп, топыраққа салып, биогумус арқылы көшет өндіруге болады, – деп оқытушы биогумус туралы айтып бастағанда біздің назарымыз тыңайтқыш пен қасында тұрған студенттерге ауды.

Тыңайтқыштарды қолдану кезінде «Жас агроном» үйірмесінің мүшелері, осы мамандықтың білім алушылары Баянсұлу Асылбекқызы мен Сәкен Абызбай жетекшілерімен бірге зерттеу жұмыстарын жүргізіп, түрлі ғылыми байқауларға қатысып, бақ сынаған.

Баянсұлу Төлеген – биылғы оқу жылының түлегі, болашақ магистрант. 2022 жылы «Үздік студент» номинациясын иемденіп, сонымен қатар арпа дақылының «зарина» сортын зерттеген. Ғылыми зерттеулері арқылы университетішілік байқауларда үздік нәтиже көрсеткен. Ал сәтті кейстерінің бірі – калифорниялық шылаушын. Бұл құрттар өте тиімді деседі. Олар қыстай өмір сүре береді. Өлсе де қайтадан тірілетін қызметтері бар екен, тіршіліктің құдіреті...

– Калифорниялық қызыл құрт – үй жануары сияқты зияны жоқ шылаушын. Оны өсірудің еш қиындығы жоқ, арнайы жәшіктерді немесе ені 1-2 метр болатын, бүйір қабырғалары мен түбі бар науаларды қолданып, бау-бақша телімінде айналысуға болады. Екі шаршы метрден жылына 1 тонна биогумусқа дейін алуға болады. Жәшікті дайындағанда астына дренаж қызметін атқаратын құм салады. Кейін 1-2 см топырақ, артынан 3-5 см тамақ қалдықтары, қайтадан 1-2 см топырақ салады. Арасына жұмыртқа қабығының ұнтағын салу керек. Себебі құрттар қышқыл ортаны ұнатпайды. Қыста жылы жерде ұстап, күн жылығанда бақшаға жіберуге болады. Өсімдік қалдықтарының барлығымен қоректеніп, оны қара шіріндіге айналдырады.

Шылаушынның өнімі – биогумус кез келген егін мен бау-бақшаны жайқалтады, нәтижесінде диқан өнімді еселеп алады. Әсіресе жылыжай шаруашылығы мен үй өсімдіктеріне қолдану өте пайдалы. Мұндай тыңайтқыш берілген жер үш жылға дейін өзінің жоғары құнарлылығын сақтайды. Биогумус өндеуде пайдаланған калифорниялық қызыл шылаушындарға қызығушылық алғаш АҚШ-та XX ғасырдың 50-жылдарында дами бастаған. Калифорниялық қызылқұрттың ұзындығы 10 см, диаметрі 3-5

мм, дене салмағы шамамен 1 грамды құрайды. Кәдімгі жауынқұртына қарағанда 150 есе тез көбейеді. 21 күнде жаңа ұрпақ пайда болады, ал 90-120 күнде ересек күйге өтеді, –деді Баянсұлу Асылбекқызы.

Бұл зерттеуде 1-курс студенті Сәкен Абызбай университетте органикалық тыңайтқыштардың авторы ретінде жұмыс істеген. Жас ғалым тыңайтқыштың оң әсерін дәлелдеу үшін ботаникалық бақтағы жеміс, алма және туя ағаштарына қолданып, тәжірибе жүргізген. Сұхбат барысында қызықтырған, білсек екен деген сауалдарымызды қойып, биогумустың жасалу процесін де біліп қайттық.

Биогумус – арнайы құрттардың көмегімен органикалық қалдықтарды өңдеу арқылы алынатын тығыз, иіссіз, қара және қоңыр түсті өнім. Оның құрамында өсімдіктердің өсуі үшін қажетті барлық элемент бар.

– Бұл тыңайтқыштың артықшылығы көп. Ең бастысы ол топырақты қалпына келтіріп, өсімдіктердің өсуін және өнімділігін арттырады. Сонымен қатар тыңайтқыш экологиялық таза, яғни қоршаған ортаға зиян тигізбейді. Құрамында өсімдіктерге қажет азот, фосфор, калий сияқты биологиялық белсенді заттар молынан кездеседі. Бұл элементтер топырақта ұзақ уақыт сақталады.

Биогумус өндірісі үшін негізінен мал қалдықтары, сабан, үгінділер, қураған шөптер, азық-түлік және басқа да органикалық қалдықтар пайдаланылады. Өндіріс процесінде калифорниялық қызыл шылаушын «Eisenia fetida» қолданылады.

Ол – Lumbricidae тұқымдасына жататын шылаушын. Латыншадан аударғанда «fetida» деген сөз «сасық» деген мағынаға ие. Бұл құрттар органикалық қалдықтарды тез өңдеп, нәтижесінде жоғары сапалы тыңайтқыш алуға мүмкіндік береді.

Ал өндіру процесіне келсек, алдымен төрт түліктің қиын тазалау жұмысы басталады. Қидың құрамындағы қышқылды азайту үшін көңді сумен шаю қажет. Содан кейін ғана шылаушындарды субстратқа жібереміз. Бұл кезеңде де ұқыптылық қажет. Себебі қалдықтың құрамындағы қышқыл белгілі нормаға азаймаса, шылаушындар көңге кірмейді. Мұндай сәтте қалдықты тағы шаямыз. Шылаушындар сәтті жіберілгеннен кейін олар 7-8 айдың ішінде қалдықты демалыссыз өңдеп, тыңайтқыш шығарады. Өнімді кез келген өсімдікке қолдануға болады. Ол топырақтағы макро, микроэлементтерді байытып, өсіп жетілуіне әсер етеді. Жалпы биогумус бойына ылғалды ұстап тұрады. Ең бастысы өнімнің мол шығуына әсер етеді. Тыңайтқыштың есебінен жеміс 15-20 күнге ерте піседі.

Ең қиын кезең – көңді сумен шаю, оның қызуын қадағалау. Көңді биіктеткен сайын ол қызады. Сондықтан биіктігін 25-30 сантиметрден асырмауға тырысамыз. Олардың терісі жылтыр әрі нәзік болғандықтан шылаушындар суықтан емес, ыстықтан қорқады және қышқылға сезімтал келеді. Ғалымдар биогумустың зиянын зерттеп, артық ештеңе таппаған. Бұл тыңайтқыштың әлемде ешқандай баламасы жоқ. №1 тыңайтқыш десем қателеспеймін, – дейді Сәкен Саматұлы.

Сондай-ақ, «тыңайтқыш әзірлеуде жылқы мен қой малының да қалдығын қолдануға болады. Қазір шет елдерден биогумусқа сұраныс өте жоғары» – дейді Сәкен. Қытай және Араб әмірліктерінен тапсырыс түскен. Шетелде бұл тыңайтқыштың құны қара алтынмен пара-пар деседі.

– Биогумуста әсер ету инерттілігі жоқ, өсімдіктер мен тұқымдар оған бірден әрекет етеді, тұқымдардың өсу мерзімін қысқартады, өсімдіктердің өсуі мен гүлденуін жеделдетеді, жемістердің пісу мерзімін екі-үш аптаға қысқартады. Сондай-ақ өнімнің өнімділігін едәуір арттырады және дәмін жақсартады, топырақта ауыр металдар мен радионуклидтерді байланыстырады, өсімдіктердің нитраттарды жинауына жол бермейді, − деді Баянсұлу Төлеген.

Бұл бастама университет аумағында жүзеге асқан тиімді әрі нәтижелі жобаның бірі. Раушан Дүйсенқызының айтуынша, биологиялық, табиғи жолмен өнім өсіруді өткен оқу жылында ойлаған.

– Идея болды, бірақ «қалай, кіммен жүзеге асырамыз?» деген ойлар мазалады. Себебі басталған істі соңына дейін жеткізсек қана нәтижесі болады емес пе?! Бұйырғаны дейін бе, осы салаға қызығушылығы бар, білсем, көрсем, үйренсем деген жастармен тоғысып, профессор Лаура Әнуарқызымен бірге жұмысты бастадық. Осы орайда студенттеріме жылы лебізімді білдіргім келеді. Ауа райына да қарамастан оң нәтижеге жету үшін еңбектенді. Болашақта кәсіби маман атанатындарына сенімім мол,– деп Р.Нұрымова бүкпесіз сырласты.

Қауымдастырылған профессор әңгіме барысында адамзат фотосинтезге қарыздар деп айтты. Келесі сауалымыз осыдан басталды.

– Жақсылық жасау керек. Ал оның барлығы өсімдіктен басталады. Тек бағбан емес, адамзат фотосинтезге, жасыл желекке қарыздар. Ағашқа асыл тастай қараса, алтын жүзікті алаңдағаны секілді өсімдіктерді де уайымдаса екен деймін. Міне сонда ғана бізде жайқалған бақ болар еді.

Жақсы өнім алғысы келетін жандар биогумус арқылы нәтижелі жұмыс істейді. Өздері өндіріп, кәсіп бастағандары да бар. Тіпті әлеуметтік желіде Қазақстан бойынша ортақ чат арқылы вермефермерлер тәжірибе алмасады. Бұл өте жақсы. Бізге де ақшасына алғысы келетіндер хабарласады. Бірақ мен студенттерімді осы бастан ақшаға әуестендіргім келмейді, – дейді ұстаз.

Мектеп табалдырығынан студенттік өмірге жақында ғана қадам басқан Сәкен Шиелі ауданының тумасы. Агрономия саласына ерте жастан қызыққан. Тіпті бала Сәкеннің арманы дейді. Алғыр жаспен сөйлесу барысында жоспары туралы сұрадық. Ол кампос тыңайтқышын тілге тиек етті.

– Мақсатым – кампос дайындау. Бактерия есебінен жұмыс істеп, тыңайтқыш әзірлеу. Өнімді елеп, өсімдікке қолдана аламыз. Алдағы уақытта тәжірибе жасауға дайындалып жүрмін. Тіпті оны шылаушындарға беріп, 4-5 ай аралығында дайын биогумус алуға да болады. Керемет емес пе? Тыңайтқыш жасау уақытымыз қысқарады.

Биогумусты кез келген жерге қолдана отырып, кез келген жерден өнім шығаруға болады. Өлі деген жердің өзінен өнім алуға мүмкіндігі бар. Гумус негізінде 30-40 жылда жердің бетінде 1 см ғана пайда болады. Ал біз 7-8 ай ішінде биогумус өндіріп, жерді қалпына келтіре аламыз, – деді Сәкен Абызбай.

Катальпалармен танысу барысында Баянсұлу Төлеген павловния ағашын көрсеткен еді. Бұл өсімдікті адам ағашы деп те атайды екен. Кейде салмағының ерекшелігіне байланысты алюминий ағашы дейді.

− Павловнияға еш зиянкес қастандық жасай алмайды, вирустарды жоюға қауқарлы. Ең қызығы бұл ағаш жиһаз, ыдыс-аяқ, құмыра, музыкалық аспап, дәрі-дәрмек, тіпті иіссу өндіруде қолданылады. Ал гүлдеген уақытында аралар үшін бал тасуға керемет гүл. Сондай-ақ жаһандық жылынудың алдын алады. Кессең тез қалпына келеді, биіктігі 20 метрге дейін өседі. Ауадағы көмірқышқыл газын 20 есе көп сіңіріп, сәйкесінше оттегіні көп бөледі, – деген еді.

Павловнияның пайдасын зерттеген болашақ мамандар осы ағашты көбейту жұмысын қолға алуды жоспарлауда.

– Қызылорда − шаң мен желге ашық мекен. Бұл жел бізге бетпақ даладан келеді. Сол үшін қаладағы жол бойына, Батыс-Еуропа тас жолына және өзіміздің транзиттік көлік жолдарына павловнияларды ексек деймін. Жаңа Баянсұлу айтқандай, бұл ағаш 20 есе көп оттегі бөледі. Жол бойына орналастыру жел мен шаңды ұстап қалуға, ауаны тазартуға және туристердің оң көзқарасын қалыптастыруға ықпал етер еді,− деді С.Саматұлы.

Сол күні «Ботаникалық баққа» жөндеу жұмыстарына келген үлкен көліктермен жағаласып біз де ішін толық аралап, әр өсімдігімен таныстық. Биогумус арқылы өскен алмаларды да көрдік. Алайда «әттеген-айы» жоқ емес. Әр түп ағашта домаланып өскен жемістер қолды болған. Өз қолымен тыңайтқыш әзірлеп, күн сайын уақытын арнаған студенттер алмалар туралы айтып, қапаланды. Бұл қиянат кімнен һәм неден келгені белгісіз. Жоғарыда айтылған өсімдіктерге деген жақсылық мәдениеті біздің ортада әлі қалыптаспағаны ма деген ойда қалдық.

Жастардың ғылымға бет бұрып, ізденіс жолында еңбек етіп жүргені баршаны қуантары хақ. «Болар бала жасынан» демекші, «болам деген баланың бетін қақпай, белін буған» абзал.

Әлия ТӘЖІБАЙ

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСТЕГІ МАҢЫЗДЫ САЛА

Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаменті өз қызметінде Республикалық бюджетті атқару және жергілікті бюджеттердің атқарылуына қазынашылық қызмет көрсету, мемлекеттік мекемелердің бақылау шоттары, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттары бойынша кіріс-шығыс операцияларын есепке алу функцияларын жүзеге асырады.

Қазынашылықтың ақпараттық жүйесінде 2012 жылдан бастап «Қазынашылық-Клиент» ақпараттық жүйесі арқылы төлем құжаттарды электронды қабылдап, өңдеу қызметі енгізілді. Бұл жүйеде сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында мемлекеттік мекемелер қаржылық құжаттарын электрондық байланыс арқылы тәуліктің кез келген 24 сағаты көлемінде жібере алу мүмкіндігіне ие болып, олардың есеп қызметкерлері қазынашылықтың жауапты қызметкерлерімен бетпе-бет кездесуі мүлдем шектелді. Кезінде қағаз түріндегі төлем құжаттарын қазынашылыққа тапсыру үшін есеп қызметкері қоғамдық көлікпен барып қолмақол тапсыру үшін уақыт жоғалтуы, қазынашылықта бекітілген кестеге сәйкес қана құжаттар қабылдануы, ол қаржылық құжаттардың тиісті үш күн ішінде қаралып өткізілуі, дұрыс толтырылмаған жағдайда үш күн көлемінде қайтарылуы сияқты бюрократиялық кедергілер алынып тасталды. Қазіргі «Қазынашылық-Клиент» жүйесінде қаржылық құжаттарды алты сағат көлемінде өңдеу қарастырылып, қазынашылықтың жауапты орындаушыларына кезек-кезегімен бірдей көлемде автоматты түрде бөлініп, мемлекеттік мекемелерге қазынашылықтағы қай жауапты қызметкерге өңдеуге түскен мәліметі көрінбейтіндіктен, олармен хабарласып сыбайласу ықтималдығы жойылды. Әрбір жауапты қызметкер төлем құжаттарын өткізуде дербес жауапкершілікте болып, өткізу уақытының шектеулі болуы және ақпараттық жүйедегі жауапты қызметкердің құпиялығы қамтамасыз етілуіне байланысты түрлі әкімшілік қысымдар жасау мүмкіншілігі мүлдем жойылған. Тіпті Қазынашылық органы басшылығының өзі төлемдерге жауапты қызметкерді тек қаржылық құжаттар өңделгеннен кейін ғана анықтай алады. Мемлекеттік мекемелер тарапынан электрондық қаржылық құжаттарды қалыптастыруда ақпараттық жүйеде автоматты түрде бақылау жасалатындықтан қазынашылық тарапынан құжаттарды толтыруға қойылатын талаптар барынша азайтылып, құжаттарды негізсіз қайтару мүмкіншіліктері де шектеліп, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері барынша азайтылып отыр.

Азаматтық құқықтық мәмілелерді тіркеу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мақсатында тіркеуге өтінімдер электрондық қаржылық құжат түрінде қабылданатындықтан, келісім шарттардың дұрыс толтырылуына мемлекеттік мекемеге дербес жауапкершілік жүктеліп, келісім шарттардың қазынашылыққа тіркеуге берілетін өтінімдерге қоса тіркелмейтін болуына байланысты Қазынашылық тарапынан келісім шарттарды тексеру талабы алынып тасталды.

Міне осындай түбегейлі өзгерістердің жүйелі енгізілуінің арқасында еліміздің бюджет саласында сыбайлас жемқорлық пен ел қазынасына қолсұғушылықтың алдын алу шаралары жасалумен қатар, Қазынашылық жүйесіндегі қызметкерлердің де саны ықшамдалып, жалақы қоры мен аппаратты ұстауға арналған шығындарын екі есеге дейін үнемдеуге қол жеткізілді. Сонымен қатар «Қазынашылық-Клиент» автоматтандырылған жүйесін енгізудің арқасында «Мемлекеттік сатып алу» электрондық порталы енгізіліп, сол арқылы екі жүйені біріктіре отырып, мемлекеттік сатып алу саласын қашықтан камералды бақылауды жүзеге асырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жойып, қатаң бақылауға алуға жол ашылды.

Елімізде енгізіліп жатқан басқа да электрондық үкімет саласындағы жаңашылдықтар, мемлекеттік қызмет саласындағы жүйелі реформалар, мемлекеттік қызметкерлерге қойылатын әдеп сақтау тұрғысындағы талаптардың күшейтілуі, әсіресе жалпыға бірдей декларациялау жүйесінің енгізілуі қоғамдағы жең ұшынан жалғасқан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алып, экономикамыз дамуы қарқындап, еліміздің егемендігін одан сайын нығайта түсіп, бәсекеге қабілетті Ұлт, нағыз «Қас ісі Ақ» ұстанымындағы – Қазақстан бола аламыз деген сенімдемін!

Қанат МЫРЗА,
Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаменті басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі уәкілі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – МЕРЕЙЛІ МІНДЕТ

Мемлекеттік қызметші – мемлекеттік биліктің айнасы. Мемлекеттік қызмет қашанда мінсіз болуы тиіс. Себебі елдің ертеңі соларға байланысты. Бір сөзбен айтқанда, олар билік пен қарапайым халық арасын жалғайтын алтын көпірге айналуы тиіс.

Әрбір мемлекеттің даму жолында мемлекеттік қызметтің қосар үлесі зор. Өйткені еліміздегі саяси-экономикалық жағдайдың тұрақтылығы мен қоғамдық қатынастардың қалыптасуы мемлекеттік қызметке тікелей байланысты. Мемлекеттік қызметшілер қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етіп, іскерлік, ұстамдылық және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуға тиіс. Мемлекеттік қызметшілер қарапайым халықпен етене жұмыс істейтін, халыққа ең жақын адамдар.

Мемлекеттік қызмет – мемлекет жүйесінің ел басқарудағы ең маңызды тетіктерінің бірі десек, қоғам мен мемлкет арасындағы байланысты оңтайлы орнатып, мемлкеттік саясаттың өміршеңдігін дәлелдеу, билікке деген сенімділік мемлекеттік қызметшіден басталатынын атап өткен жөн.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасы ТМД аумағында алғашқылардың бірі болып мемлекеттік қызмет туралы заңнама қабылдап, қызметтік мансап жүйесін қолданысқа енгізді. Мемлекеттік қызметші болу – бұл үлкен абырой мен міндет. Көп дүние оның кәсіби біліктілігіне, жедел түрде ой қорытып, қандай да бір мәселелерді шешу жауапкершілігін өз мойнына ала білу дағдысын игергендігіне байланысты. Кез келген деңгейдегі мемлекеттік қызметші лауазымы басқа тұлғамен салыстырғанда мейлінше жоғары. Бұл – өзін-өзі жетілдірудің тұрақты жағдайы. Адам құндылығына қызмет ету қашан да мерейлі міндет екенін ойласақ, өз тағдырын сеніп тапсырып, кәсіби шеберлік пен біліктілімізге сенім артқан жандардың көңілінен шығу қашан да қиын .

Осы тұрғыда Қызылорда қаласы мамандандырылған тергеу сотының мемлекеттік қызметкерлері аянбай еңбек етуде. Тәуелсіз елімізді өркендету жолында еселі қызмет атқару – басты мақсатымыз.

А.КҮНШЫҒАРОВА,
Қызылорда қаласының мамандандырылған тергеу сотының кеңсе меңгерушісі

КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ-ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР: КІМГЕ ЖӘНЕ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Тар бейінді дәрігерлердің консультациялары, КТ, МРТ, рентген және диагностиканың басқа да түрлерінің қызметтері сақтандырылған азаматтарға МӘМС жүйесінде емдеуші дәрігердің жолдамасы бойынша көрсетіледі. Олар үшін қосымша ақы талап етілмеуі керек. Егер емхана осы қызметтерді өзі ұсына алмаса, онда оны орындау шарты бойынша пациентке басқа клиникада қабылдауды қамтамасыз етуі қажет.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов консультациялық-диагностикалық қызметтерді (бұдан әрі – КДҚ) алу мүмкіндіктері туралы толығырақ айтып берді.

КДҚ-ны қалай алуға болады?

Науқасқа кез келген консультациялық-диагностикалық қызметті емдеуші дәрігер тағайындайды. Ол науқастың жағдайын, шағымдарын, аурудың белгілерін зерттейді. Тиісті көрсетілімдер болған кезде дәрігер КТ, МРТ немесе басқа да зерттеулер жүргізуге жолдама жазады. Қызметті жоспарлы түрде алу үшін пациент «Сақтандырылған» мәртебесіне ие болуы тиіс, өйткені емхана деңгейінде бұл қызметтер МӘМС шеңберінде көрсетіледі.

Егер КДҚ-ны көрсетуден бас тартылса...

ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде қызмет көрсететін медициналық ұйым Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен тиісті шарт жасасады және пациенттерге осы қызметтерді ұсыну бойынша міндеттемені орындауға тиіс.

– Біз азаматтардан емхана көрсетілімдер болған кезде, оны өткізу мүмкіндігінің жоқтығына сілтеме жасай отырып, консультациялық-диагностикалық қызметке жіберуден бас тартады деген өтініштерді жиі аламыз. Алайда мұндай жағдайда өнім беруші Қор дерекқорында тұратын медициналық ұйымдар қатарынан бірлесіп орындаушыны тартуға міндетті. Егер бірлесіп орындау шарты ешкіммен жасалмаса, онда пациентті осы қызмет түрі бойынша Қордың өнім берушілерінің біріне жіберуге тиіс, шарт бағыт бойынша қызмет көрсету қорытындылары арқылы автоматты түрде жасалады, – деп атап өтті ӘМСҚ облыстық филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов.

Алайда пациент емханаға бармай, КДҚ-ны ақылы негізде алу үшін тікелей жіберілетін басқа да жағдайлар бар.

– Кейде біз әлеуметтік желілерде науқасқа жолдама берілмегені және олар ақылы түрде қызмет алғаны, мысалы, КТ

туралы шағымдарды көреміз. Мұндай жағдайларда науқастың құқығын қорғаушы ретінде Қор іске қосылады. Алайда, нәтижесінде науқас тіпті өз емханасына жүгінбеген, бірақ дереу басқа жерде ақылы тексеруден өтуге шешім қабылдаған болып шығады. Біз азаматтарды ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық қызметтерді пайдалануға шақырамыз. Егер мәселелер туындаса, Пациентті қолдау қызметіне хабарласыңыз және өз құқықтарыңызды қорғаңыз, – деді Бақыт Исмаханбетов.

ӘМСҚ филиалының директоры атап өткендей, 2023 жылы өңірде амбулаториялық-емханалық жағдайларда консультациялық-диагностикалық қызметтерге қаржыландыру 13,08 млрд теңгеден 15,98 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды. Қаржыландырудың өсуі – 122%.

Мәселен, медициналық ұйымдарға консультациялық-диагностикалық көмек көрсеткені үшін шамамен 15,91 млрд теңге төленді. Олардың ішінде КТ және МРТ сұранысқа ие болып қала береді.

Өткен жылдың кезеңінде Қызылорда облысы бойынша 551,81 млн теңге сомасына 28 251 МРТ қызметі көрсетілді, 326,04 млн теңге сомасына 24 184 КТ қызметі. 2021 жылмен салыстырғанда МРТ қызметтері 16%-ға, КТ-3,3 есе өсті.

Егер сізде консультациялық-диагностикалық қызметтерді алуға қатысты сұрақтар туындаса немесе сіз оларды көрсетуге қол жеткізе алмасаңыз, онда өз емханаңыздың Пациентті қолдау қызметіне хабарласуыңыз қажет. Ұзақ күтуге байланысты өз аймағыңызда томографиядан немесе басқа да қызметтерден өту мүмкіндігі болмаған жағдайда, сіз өз аймағыңыздың денсаулық сақтау басқармасындағы жағдайды нақтылай аласыз. Егер мәселені сол жерде шешу мүмкін болмаса, онда Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына өзіңізге ыңғайлы тәсілмен өтініш беріңіз: fms.kz ресми сайты, 1414 байланыс орталығы, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы және Telegram-дағы SaqtandyryBot.

Айгүл АХАНОВА

БАЛАЛАР ТҮНГІ ҚАЛАДА

2024 жылы 15-17 шілде күндері «Балалар түнгі қалада» жедел профилактикалық іс шарасы барысында күндізгі және түнгі мезгілде рейдтік іс-шаралар ұйымдастырылды. Мектеп жасындағы балалардың беталды, беймезгіл уақытта қоғамдық жерлерде жүрмеуі, тәртіп бұзушылық пен құқық бұзушылықтың алдын алу рейдтің басты мақсаты.

Шара барысында жасөспірімдердің жиналатын орындары, ойын-сауық кешендері, дүкендер мен көңіл көтеретін орындардың аумақтары тексерілді.

ҚР ӘҚБтК-нің 442 бабы бойынша кәмелетке толмаған жасөспірімдерге түнгі сағат 22:00-ден кейін компьютерлік клубтарда, ойын-сауық орындарында болуына және 23:00-ден кейін көшеде ата-анасыз, заңды өкілдерінің ертіп жүруінсіз түнгі уақытта тұрғын жайдан тыс жерде жүруге тыйым салынған.

Айнұр МОЛДАХОЖАЕВА,
Ювеналды полиция бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 16 шілдедегі №1195 қаулысы

ЖЕР УЧАСКЕСІН МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН АЛЫП ҚОЮҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖЕР УЧАСКЕСІН НЕМЕСЕ ӨЗГЕ ДЕ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІ МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУДЫҢ БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары туралы» Қазақстан Үкіметінің 2009 жылғы 17 шілдедегі №1087 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы №374 қаулысына сәйкес, сондай-ақ Қызылорда қаласының Бас жоспарында және Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 27 мамырдағы №148 қаулысымен бекітілген «Қызылорда-Жезқазған трассасы бойындағы жалпы көлемі 980 аумақтың егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын бекіту туралы» жобасына Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 10 маусымдағы №586 қаулысы және де Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 12 желтоқсандағы №01/6721 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1.Меншікиелеріненжәнемемлекеттікемесжерпайдаланушылардан Қызылорда қаласы, Қызылорда-Жезқазған бағыты, Қызылжарма каналының жағалауы (800 бас өңірі) мекенжайындағы жалпы көлемі 10,0 (он) гектар жер учаскелері тұрғын аумақта орналасуына байланысты осы қаулының қосымшасына сәйкес мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылғы 16 қазан болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, № 43, № 13 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолдансын.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі С. ҚОЖАНИЯЗОВ

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2024 жылғы «16 » шілдедегі № 1195 қаулыға қосымша

№	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесінің немесе жер пайдаланушының аты-жөні	Көлемі, шаршы метр	Нысаналы мақсаты	Құқық түрі
1	10-156-024-793 (бұрынғы *10-156-042-052*)	Калыбаева Нагашыбай	5000,0	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығы 20.10.2054 жылға дейін
2	10-156-076-1094	Тажибаев Тогузбай	5000,0	Жеке кәсіпкерлікке негізделген шаруа қожалығын жүргізу үшін	Жеке меншік
	Барлығы		**10000,0**		

Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі басшысының міндетін атқарушы М.ӘЖІБЕКОВ

ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ

«Grace Company_G» ЖШС (БСН 170940007716) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Қараша көшесі 3.

«ATASH-KYZYLORDA» ЖШС (БСН 111140005346) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Аманкелді көшесі 5 үй, 2 пәтер.

«Орда Снаб» ЖШС (БСН 130440002076) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, А.Марғұлан көшесі 23.

«Байконур KZ» несие серіктестігі» ЖШС (БСН 151140012217) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: 120500, Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы, 5 мөлтек аудан, 21 үй, 2 пәтер.

«Байконур несие» несие серіктестігі» ЖШС (БСН 151140015757) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: 120500, Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы, 5 мөлтек аудан, 21 үй, 2 пәтер.

КӨП МЕРЕКЕ МЕЗІ ЕТПЕЙ МЕ?

Басы 1-бетте

Дәл осы дамыған 30 елдің қатарында екінші орынға жайғасқан Австралия жыл сайын бас-аяғы 20-ға жуық мереке тойлайды екен. Мәселен ақпанның екінші аптасында оларда «Корольдік регата» өтеді. Хобартта (Тасмания) корольдік регата алғаш рет 1838 жылы белгіленген. Содан бері бұл Австралиядағы ең танымал, әрі жыл сайын өтетін ең көне спорт жарысы ретінде жалғасын тауып келеді. Сондай-ақ 21-22 наурыз күндері қазақ халқы «күн мен түннің теңелетін шағы Әз-Наурыз» мейрамын тойлап жатқанда Австралияда бұл

күндері «Үйлесімділік күні» (день гормоний) атап өтіледі. Бұл мерекенің мақсаты – барлық ұлтты нәсілдік кемсітуге қарсы біріктіру. Қызғылт сары түсті лентаны басты символ еткен мереке нәсілшілдікке қарсы күресуге үндейді.

Жоғарыда аталған мемлекеттер алдыңғы қатарлы дамыған елдерден келтірілген мысал екенін еске сала кетейік. Сондықтан маңызы бар даталарда да жұмысқа баса назар аудару бұл елдерде қалыпты жағдай.

Ал өкіністісі, әлемдік санақ бойынша той жасау мен халықтық мерекелер өткізу жағынан кедей елдер алдыңғы қатарда көрінеді. Мәселен, Үндістанда жылына 100-ге жуық ресми-бейресми мерекелер тойланады екен. Бұл жайлы жазушы Лира Қоныс өзінің «Қазақша минимализм» атты кітабында былайша баяндайды:

– Этнолингвистикалық жоралғылардан аттап өте алмай жатқан елдің бірі Үндістан. Тіпті мұндағы мерекелер хаос жағдайында, мистикалық түсінікке жеткен. Кернейлер, цимбалдар, монахтар мерекесі Ладак, одан шығып әр көктем сайын Одишалық Чхау би мерекесі, Махабхаратадағы Драупатидің құрметіне сүт құйылған қазан арқалап жүру жоралғысы, жазда өтетін Наг Панами – жыландарға табыну мерекесі, маусымда өтетін Деви Камахьян мерекесі, Холи, Кумух Мела, Монифест, Дивали... ең соңында әулие деп санайтын Ганга өзеніне шомылып «күнәдан тазару». Үндінің киносы мен сериалдарынан күн құрғатпай көріп отырсыздар. Сонда бұл жұрт қашан жұмыс істейді? Қашан білім алады? Бүгінгі дамушы Үндістан билігі осы той-томалақпен күресіп әуре. Қанша күрессе де консервативті көзқарас жеңілер емес. Соңғы он жылдықта ғана орынсыз той-думанның арасынан тырмысып шығып, өркениетке көш бетін бұрды, – дейді ол өз еңбегінде.

Ал Қазақстанда атап өтілетін мерекелерді бірнеше топқа жіктеп қарастырайық. Мемлекеттік және ұлттық мерекелер қатарында: жаңа жыл, халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы, Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Отан қорғаушылар күні, Жеңіс күні, Астана күні, ҚР Конституциясы күні және Тәуелсіздік күні бар. Аталған датаның барлығына дерлік демалыс қарастырылған. Сенбі не жексенбі күндеріне тура келген жағдайда демалыс тағы бір күнге ұзартылады.

Елімізде діни мейрамдардың ішінде жоғары маңызға ие – Құрбан айт мерекесі. Үш күнге ұласатын бұл мейрамның демалысын Еңбек министрлігі діни басқармамен бірлесе отырып белгілейді.

Сонымен қатар, елімізде 60-тан аса кәсіби мереке түрі бар. Әртүрлі мамандық иелерінің құрметіне белгіленген даталар ресми демалыс күндері болып саналмайды.

Күнтізбедегі мерекелер тізіміне жыл сайын өзгеріс еніп, атаулы күндердің саны артып келе жатқаны жасырын емес. Дегенмен оның астарына үңіліп жатқандар бірен-саран.

– Дамымаған елдердің билігі халықты алдарқату үшін әртүрлі құйтырқылыққа барады. Соның бірі жалпы халықтық мерекелер ұйымдастыру, той жасау. Халықтың дамуға, жетілуге деген санасын ойын-сауықтық сұраныспен толтыру. Санасы арзан ойын-күлкімен толған елдің саяси жағдайды сұрыптауға мұршасы болмайды. Оның басы тойдан, сауықтан бос емес.

Барлығын діни және этникалық шеңберде ұйымдастырғандықтан халық мұндай мерекені талқылап, керек пе, жоқ па дегендей жаңа түсінікті қажет етпейді. Өйткені, халық этникалық танымдағы нәрселерге барлық уақытта құрмет білдіреді. Мысалға жүгінейік, бір белсенді ортаға шықсын да: «Ағайын, Наурыз мерекесін дүрмектетіп тойлатпайақ, сол күні жұмыста болсақ, бауырсағымыз бен көжемізді үйден істеп ішіп, кешкісін отбасымызда мерекелесек болмай ма?» – деп ұсыныс тастап көрсінші. Не болар екен? Халық ойланбастан «бұл ұлттық құндылығымызды таптау» деп аттандайды. Олардың ішінде үйінде көже пісірмейтін, 22 наурыз күні түске дейін болса да шапан кимейтін адамдар да болуы мүмкін. Өйткені, наурыз мерекесі – этикалық дилемма деңгейінде қабылданады, – дейді Лира Қоныс.

Той – халықтың қазынасы. Қадыр ақын «Ойлай да білген адамға тойлай да білу лайық» дейді. Әуелі ойлай білейік. Ойсыз тойлау орға жықпасын.

Аружан ОРАЛБАЙ

ТІЛ СҰЛЫЛЫҒЫН СЕЗІНУ КЕРЕК

Қазір тіл сапасы, түйіні мен мән мағынасы жоғалған кезең. Жастар арасындағы әдеби сөйлеу былай тұрсын, ауызекі сөйлеу стилінің бұзылуы, қате аударма, мессенджердегі қателік, орыс тілі мен қазақ тілінің араласуы тіл тазалығы мен сапасын төмендетуде. Ал қате аудармалар тіл тазалығына нұқсан келтіруде. Өзге тілден енген немесе өз тіліміздегі аударманы тікелей аудару арқылы біз сөздің мән-мағынасын жоғалтқанымызды білмей қаламыз. Мағынасын дәл табамыз деп, туралығын айқындай алмай қалатын жайт та көп кездеседі. Аз десеңіз мессенджердегі қателік бар. Сөз графикасының құрдымға ұшырауы, графикалық түрде сөз сапасын жоғалтуымыз кері әсерін тигізіп жатыр. Яғни сөз буынын қысқартып айтуымыз бір мысал. Қарапайым тұрғыдан алғанда «отырмын» деген сөз тіркесін «отырм» деп қысқа-нұсқа қайыра салу тіл тазалығын сақтамаудың бір көрінісі.

Қаншама сөз өз ерекшелігінен айырылып, толыққанды біртұтас тілдің мәні өз деңгейінен біршама алыстап бара жатыр. Орыс тілі мен қазақ тілінің аралас тіл болып бара жатқаны да алаңдатпай қоймас. Өзімізді толыққанды қазақша сөйлейміз деп айта аламыз ба? Жоқ, әрине, сөйлеген сөзіміздің бір бөлігі болып орыс тілінің қосымшасы қалай жалғанғанын байқамай қаламыз. Оған дәлел сіз бір күн бойы орыс тілін қоспай, үйдегі затқа дейін, әрбір қадамыңызға дейін сөйлеп көруге ұмтылыңызшы. Қалай қиналғанынызды айтып жеткізу мүмкін болмас. Көрдіңіз бе? Тілді толыққанды, анық, таза сөйлеу, жазу бөлек әңгіме. Ал сөйлей білу бір ғажап. Ал сөйлеу мәнерімізге назар аударып көрейік. Қазақ тілі ұсақталып бара жатыр деп ойламайсыздар ма? Тілімізде өзге тілге еліктеу сөздер, көше стилінің араласуы барлығы қосылып бір «шатқал» болып жатыр. Атадан келе жатқан көне сөздеріміз қазір қайда? Тек кітапта ма?

Тіпті рухани, сауатты, байырғы сөзді айтуға жастарымыздың тілі келмес. Айтқым келетін ойымның түйіні – біз, жастар тілімізді құрметтейік, дәріптейік. Сөйлегенімізге риза болмай, қалай сөйлеп жатқанымызға мән берейік. Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай: «Өз тілінің сұлулығын сезінбей, өзге тілдің сұлулығын сезіну екіталай».

Расында, өзге тілге бет бұрмас бұрын өз тілінің тазалығына мән беріп, қазақ тілінің қадір-қасиетіне толық көңіл бөлген жөн. Болашақ біздің қолымызда!

Ақмаржан АЛДАБЕРГЕНҚЫЗЫ,
125 High school оқушысы

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕНІҢ ТІЛІМ!

Мемлекеттік тіл – егемендігіміздің басты айғағы. Кез келген өркениетті елдің өз рәміздері, шекарасы болатыны секілді мемлкеттік тілі де болады. Мемлекеттік тіл – мемлекетіміздің негізгі атрибуттарының бірі. Ата заңымызда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» деп жазылған. Әрбір қазақстандық Ата заңымыздың талаптарын орындап, қазақ тілінде сөйлеуге міндетті. Тіл – адамзатты жақындастыратын басты қатынас құралы.

Қазақ тілі – қазақтың мәдениетімен біте қайнасып жатқан рухани қазына.

Мемлекеттік тіл тәуелсіздігіміздің жырын жырлап, бұғанасын қатайтты. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі.

Ана тілімізді өркендету – баршаның ісі. Тіл тек қарым қатынас құралы емес, ойлау, дүниетаным, рухани мәдениетті жасаудың, ұлттың ұжымдық тәрбиесін жинақтаудың құралы және ұлтымыздың биік тұғыры. Бұл ретте мемлекетіміздің тілге деген жанашырлығы басым. Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Сондықтан оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту, тілдің қолданылу аясын арттыруға күш салу керек. Қазір мемлекет тарапынан тілдік қорымызды үздіксіз жетілдіріп отыру үшін заңдар қабылданып, бағдарламалар жасалған. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

Іс қағаздарын жүргізу, номенклатураға сәйкес жүргізілетін кітаптар, есептік карточкалар, сот тәжірибесінің талдаулары, жедел кеңес және семинар сабақ хаттамалары, жоғары сатыдағы соттармен және басқа да мемлекеттік мекемелермен хат алмасу тек мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлкеттік тілі, қазақ халқының ана тілі, шексіз бай шұрайлы, тегеуріні мықты, Абай әрлеген, Жамбыл жырлаған, мәңгілік елдің мәңгілік тілі!

А.НЕШЖАНОВА,
Қызылорда қаласының мамандандырылған тергеу сотының бас маманы

ТОЙ ТУРАЛЫ ОЙ

Әлем жұртшылығы осы айда тарихтағы ең қымбат тойға куә болды. Әлеуметтік желіден сіз де тамашалаған боларсыз?!

Reliance Industries төрағасы әрі Үндістандағы ең бай адамдардың бірі Мукеш Амбанидің ұлы Анант Амбани фармацевтикалық магнат Вирен Мерчанттың қызы Радика Мерчантпен некелесті. Бірнеше айға созылған көңілді кештер мен қалыңдықтың тірі гүлдерден жасалған сәнді көйлегіне бірден көзіміз түскені рас.

Бір қызығы үйлену тойы наурыз айында Гуджарат штатындағы үш күндік іс-шарадан басталды. Тойға шақырылған 1200 қонақтың арасында Марк Цукерберг пен Билл Гейтс те бар. Кеште танымал әнші Рианна, Дилджит Досанж, рэпер Akon өнер көрсетті. Ал маусым айында Амбани әулеті тойға орай тағы бір ауқымды мереке өткізіп, Италиядан Францияға үлкен круиз ұйымдастырды. 800 қонаққа арналған круиздегі шараға Backstreet Boys, Кэти Перри және Pitbull-ден бөлек Болливуд жұлдыздары шақырылған. Ал негізгі той 12 шілдеде басталды. TACC Indian хабарлауынша, үйлену тойының шығыны 350 миллион долларды құраған, теңгемен 165 миллиард.

«Неліктен мұнша шығындалған? Мұндай той жасаудың қажеті қанша?» деп сынағандар да болды. «Байлардың мұндай той жасауы шағын кәсіп иелерінің жұмысын жүргізеді. Жасай берсін. Ал орта шаруа адамдардың шашылып той жасауын құптамаймын» дегендер де кездесті.

Иә, мұндай той кезінде ұйымдастырушылар, ресторатор, кондитер, зергер, тігінші, сұлулық салондары, дизайнер, әртіс, музыкант, мобилограф, флористер мен бірқатар сала өкілдерінің кәсібі жүріп, әдеттегіден көп пайда табатыны белгілі.

Енді елге оралайықшы. Біздегі жағдайға қарасақ, екінші пікір дұрыс. Дәулеті асып-тасқан, неше күн той жасаса да қаржысы жететін адам ұйымдастыра берсін. Бірақ бәрінің солай «шашылуы» қажет емес. Бүгінде алдын ала дайындалсақ та, дайындалмасақ та «жұрттан қалмай» той жасауға үйреніп алдық. Кредитке қаржы алып үйленгендердің көбі бірнеше жыл қарыз төлеуге мәжбүр. Отбасын құрғандардың баспана ала алмай, тапқанын жеткізе алмай жүруіне бұл да бір себеп.

«Тасын ала берсең тау да таусылады» дегендей, той кезіндегі дәстүрлерді өзгерте-өзгерте қайсысы біздің мәдени құндылығымыз екенін аңғара да алмай қалдық.

Той – қуаныш пен жақсылықтың белгісі. Дегенмен қазіргі тойда қаржылай шығындалудан бөлек, біраз уақытыңды жоғалтасың. Мұндай «стандартты» тойда қонақтар демалудың орнына неге жалығып кетеді? Бұның бірнеше себебі бар.

Алғашқысы, уақыттың көп жұмсалуы. Кешкі 18:00-ге жоспарланған тойға көбіміз 16:00-ден бастап дайындаламыз. Бірақ тойдың 19:30 немесе 20:00-де басталатынын білеміз. Кейде ол түнгі 1:00-ге дейін жалғасады. Сонда қанша уақыт жоғалтқаныңызды ойлай беріңіз... Демалыс күні бұл уақытты пайдалы өткізуге болар ма еді?!

Екінші себеп, тойға туыстың туысы, таныстың танысы жиналады. Көп қонақ шақырудың да астарында «мағына» бар. Бірақ мұндай жалған намыс неге керек? Бір-бірін танымайтын адамдар музыка мен даңғаза шудың арасында не танысып кете алмайды, не арқа-жарқа әңгімелесе алмайды. Қайтып кетейін десе той иесінен ұялып отырады амалсыз.

Тағы бір себеп, асабаның талғамсыз таңдалуы. Ел-жұртты қызықтырам, күлдірем деп ыңғайсыз сұрақ қойып, ерсі ойын ойнататындар көп қазір. Қапелімде қойылған оқыс сұраққа не дерін білмей, абайламай сөйлеп қалатын жас келіндер бар. Мүмкін тойда оның ата-енесі отырған болар... Сондықтан жастар тойы тек жастармен өткізілсе, әзіл-қалжың да, ойын-күлкі де жарасымды болар еді.

Жаз басталғалы сіз де үйленуден бөлек, бесік той, 1 жас, тұсаукесер, тілашарға қатысқан боларсыз. Әсіресе базарда жиеніне бесік іздеген аналарды көп байқадық. Бұрын бесікті баланың әкесі арнайы шеберлерге жасатып, саудаласпай алатын болған. «Ұрпағым көп болсын» деген әкенің ізгі ниеті бар мұнда. Осы әулеттің балалары бір-біріне бауырмал болсын деп, аға-інінің сәбиін де сол бесікке жатқызған деседі. Ал қазір неге бесікті нағышылар әкелетін салт пайда болды? Салт-дәстүрдің қайдан шыққанын өзіміз де білмей қалдық деуіміздің сыры осында.

Ал сіз не дейсіз? Тойға қаржылай дайындалудан бөлек, құндылығы мен көпшілікке рухани пайдалы болар тұсын ойлайсыз ба?

А.НҰРТАЙҚЫЗЫ



◀ ҚЫЗ КҮНДЕЛІГІ

ЖАНЫМНЫҢ НӘЗІК ИІРІМІ, ТЫҢ ТЫНЫСЫ

Кейде күтпеген сәтте ғажайып сезімдер туындап, ой мен сананы ерекше құбылыс билейді. Дәл солай жүрегімізді жайлайтын сезім ол − бір көргеннен ұнату. Бұл әсер әдебиет пен өнердің мәңгілік тақырыбына айналып, түрлі шедеврдің туындауына арқау болып, тіпті талай шығарманың шырайын кіргізген. Адамның жан дүниесіндегі нәзік иірімдерді ашатын «ұнату» − өмірге ерекше бояу, тың тыныс әкеледі.

Әңгімемізді баяндау үшін алыста қалған әсем естеліктерге оралайық. Бұл шамамен студенттік шаққа енді аяқ басқан бойжеткеннің ыстық естелігі. Біраздан бұл оқиғаны еске алмаған Інжу аяқ асты жастық шағындағы қойын дәптерін тауып алған еді. Алтын тапқандай қуанып, шаңын қолымен сүрткен қыз дәптерді парақтап, сол бір оқиға, сол бір кездесу туралы жазылған, шимайланған жазбаны көріп, ерекше толқыды. Міне бұл әңгіме де сол оқиғаның әсерімен өрбуде.

«...Жаздың жайма шуақты күні. Мен оны алғаш рет табиғаттың құшағында, көркем суреттей бейнеленген әсем далада көрдім. Жүрегімді дірілдеткені жүзінен тараған шуақты нұр іспеттес күлкісі еді. Қарапайым сөзбен жеткізу қиын, себебі сол сәттегі менің жан дүниемде болған өзгерістерді айту, яки түсіндіру оңай емес».

Әшейінде күнделігіне мұндайды жазбайтын бойжеткен сол уақта лезде қаламын алып, шимайлаған ғой дейміз. Себебі жазбаның келесі қатары жүректен шыққан сөздермен толығыпты.

«Бір көргеннен ұнату – бұл екі жанның бір-бірімен үндесіп, терең байланыс орнату сәті. Алғаш көргенде көз жанарымыздың түйісуін, үнсіз тілдесуін, бір-біріміздің ішкі әлемімізді түсінгендей болуымыз − сезімнің сиқыры мен шынайылығының үндестігі деп ұқтым.

Бұл шексіз сезімнің өрісі іспеттес. Ол сезім адам жанын байытып, махаббаттың алғашқы жаршысы ретінде жүректегі нәзік, таза сезімдерді оятады. Әр адам өмірінде бір рет болса да, осы сезімді бастан кешуі керек деп санаймын. Өйткені, бұл сезім өмірге ерекше мән-мағына, жаңа тыныс әкеліп, жүрегімізді қуанышқа толтырады. Бір көргеннен ұнатудың күші оның шынайылығында және жүректен жүрекке жететін терең байланыста жатыр» делінген күнделікте.

Бір қарасаң құдды бір лаулаған сезіммен пара-пар дерсіз. Бұл нәзік жанның жүрегінен, таза ойынан шыққан сөздер еді. Мұнан кейін де сол бір жан туралы сипаттап, 3 бет жазылыпты. Алғаш көруі жан дүниелерінде тебірентерлік сезім тудырғанымен кейін тағдыр оларды бір алаңда, бір қалада тоғыстырмаған секілді. Ал жазбаның соңында:

«...Бүгінгі бейнесі көз алдымда. Жүрегімнің түкпірінде оның көзқарасы мәңгіге сақталғандай. Бірақ біз енді қашан жолығады екенбіз?» деп жазылған.

Жақында күнделіктегі жазбаға қарап Інжудің ойы сан сақты шарлап, өміріндегі ғажайып сәттер есіне оралды. Алғаш көргеннен ұнатқан бейтаныс бала кейін өміріне қайта оралыпты. Ал жаңа кездесудегі сезім туралы кейін бөлісемін.

Інжу МАРЖАН

БҮКІЛӘЛЕМДІК ЭМОДЗИ КҮНІ

Смайликпен сөйлесу, сезім білдіру сәнге айналды. Көңіл-күйді дөп басатын доңғалақшаның түр-түрі бар. Суретсөздің сыры әріде жатыр. Тіпті өзінің арнайы күні де бар. Мәселен жыл сайын 17 шілдеде көңілді әрі бейресми мереке – Дүниежүзілік эмодзи күні аталып өтеді. Эмодзи – сөздегі эмоцияны білдіретін кескіндемелермен және басқа да бейнелермен алмастыратын графикалық тіл.

«Эмодзи» сөзі жапон тіліндегі «сурет» және «символ» сөздерінен шыққан. Алғашқы эмодзи Жапонияда пайда болды. Оның алғашқы нұсқасы смайликтерге ұқсас, айырмашылығы – эмодзи тек эмоцияны ғана емес, объектілерді де бейнелей алады.

Эмодзи Apple компаниясының арқасында күллі әлемге танылды. Apple 2011 жылы iOS операциялық жүйесіне эмодзи жиынтығын енгізді. Ал бейресми мереке 2014 жылдан бастап аталып өтеді.

17 шілдеде бүкіләлемдік эмодзи күнін атап өту үшін кейбір компаниялар арнайы науқан ұйымдастырады. Мысалы, 2015 жылы Pepsi сыртында түрлі эмодзиі бар сусындарды шектеулі данамен экспортқа шығарды. Тіпті эмодзидің арнайы веб-сайты да бар. Ол Emojipedia деп аталады. Онлайн-энциклопедия әр эмодзидің мағынасын түсіндіріп, анықтама береді.

Жыл сайын эмодзилер жиынтығы жаңа бейнелермен толығып келеді. Қазірдің өзінде оның 1800 түрін қолданып жүрміз.

А.СЫРЛЫБАЙ

CAMERAMAN:

ВИДЕОГРАФ ТАПШЫЛЫҒЫ СЕЗІЛЕ БАСТАДЫ

– Жұмыста алатын бір айлық жалақы – 30 мың теңге, ал ауылда жүк тасып-ақ мұны бір күнде табатын едім деген ой тыным бермеді. Десек те мен бір дүниені ұқтым: маған таңдау берілген сәтте қалаға баруды таңдап, осы өмірге бейімделуге бекінгенмін. Фотокамера ұстап, шығарған туындымнан ләззат алған қатты ұнайды.

Арада 2-3 ай өткен соң тағы да ұсыныс түсті, бұл жолы Ержан ағамнан. Ол фотостудия ашу туралы ниет білдірді. Мінекей, дәл осы сәттен бастап бұл салада кәсіби түрде жұмысқа кірістім.

Бұрынғы жұмыс орнымнан шығып, жаңадан ашылған «RedOrda» фото-видео студиясына жұмысқа тұрдым. Ол жерде универсал қызмет атқардым, яғни фотограф, оператор, видеомонтажер және дизайнер болып жұмыс істедім. 2 жыл тоқтаусыз еңбек етіп, өзімнің біліктілігімді арттырумен, қабілеттерімді дамытумен болдым. Бұл салаға қатты кірісіп кеткенім сонша, табатын табысым да мені қызықтырмады. Жүрегімнің қалауы сол болды. Сол себепті болар, екі-ақ жылдың ішінде «RedOrda» фотостудиясы өркендеді, дамыды, қаладағы өзге студиялардан кем болмады.

Көптеген іс-шараға инфографикалық жанрда дайындалған видеоға қажеттілік туындайтын. Ал мен бос отырмай, бұл жанрдың қыр-сырын үйреніп алған едім. Ірі компаниялар, мемлекеттік іс-шаралар мен есеп беру жиындарында менің жасаған видеоларымды қолданатын еді, ұсыныс көп болды. Кейіннен шәкірт тәрбиелеп, оған бұл жанрды үйреттім.

– Бейнежазбаны өзің үшін түсіру – бұл қызығушылық, ал біреу үшін түсіру – үлкен жауапкершілік. Бұрыннан тойсүйер халықпыз. Бұл мейрамды жақсылап таспа беттеріне басу фотографтар мен видеографтар мойнында. Бір тойды атқару құны қанша және көп материалмен жұмыс істеу қаншалықты қиын?

– Иә, әр тойдың материалын дайындау алдында жалғыз мақсат болады, ол – тұтынушыны риза ету. Сапалы әрі креативті дүниені беру. Себебі бір риза тұтынушы өзге он тұтынушыны әкеле алады.

Материалдарды жойып алудан құдай сақтасын. Мұндайға өте тиянақтымын, мен үшін басты жауапкершілік осы. Бұл өте майда жұмыс, орысша айтқанда «щепетильная работа». Тойдың бейнематериалының монтажына ұзақ уақыт кетеді. Кейде көзің талып, шаршап та қаласың. Түсірілген материалды компьютерге көшірудің өзіне ұқыптылық керек. Техникаға сенім жоқ, ақаулардың алдын алуға тырысасың. Бұл жерде дер кезінде шешім қабылдап та үйрену керек. Шыдамдылық танытып, креативті ойлармен жұмыс істейміз. Көңілден шығу үшін материалдың әр бөлігіне жіті назар аударамыз. Көп жағдайда миымды әр дүниемен шаршатқым келмейді, мұның бәрі фокусқа кері әсер етеді.

Бір тойды атқару құны 50 мың теңгеден бастау алады, дегенмен оның жүгірісі көп болғандықтан әртүрлі бағаға өзгеруі мүмкін.

– Қазір саны көп, сапасы жоқ фотограф, видеографтар көп. Жалпы қызылордалық фотограф, операторлардың біліктілігі қандай деңгейде деп есептейсіз? Мұндай маман болу үшін арнайы білім қажет пе? Қызылордада бәсекелестік деңгейі қаншалықты жоғары?

– Қызылордада видеографтар өте аз, тіпті алдағы уақытта видеографтардың тапшылығы кәдімгідей сезілетін болады. Мұны қазірдің өзінде байқасақ болады. Қалай дейсіз ғой? Маған айына жұмыс ұсынау мақсатында 1-2 мекеме хабарласады. Әрине, айлығы мардымсыз болғандықтан көбінің баруға құлқы болмайды. Неге аз десеңіз, қазір жастардың дені мобилографияға қызығушылық танытады. Олардың айлығы жоғары, жұмысы да жеңіл әрі жылдам.

Ал бәсекелестікке келетін болсақ, ол кез келген салада бар. Алайда әркімнің ойлау деңгейі әртүрлі. Яғни кез келгеніміз бұл саладан топ жарып шығуымыз мүмкін.

– Технология дамыған заманда кәсіби камера тысқары қалып жатады. Мәселен, iPhone-ның модельдері жаңарған сайын, туындының сапасы мен сәні артып келеді. Десек те бұл кәсіби фотоаппаратпен түсіргенге жетпейді. Қазір бұл салаға қызығатын тұтынушылар көп пе?

– Видеограф пен мобилографтың айырмашылығы жер мен көктей. Мобилографтар жеңіл дүниелерді ұялы телефон арқылы тез жасай алады. Содан болар бұл салаға ден қойғандардың саны көп. Дегенмен мобилографтарға үлкен жобаларды атқару қиын, олар телефонның камерасымен, оның шағын жадымен (памятьпен) жұмыс істейді. Ал бұл ауқымды жобаларды атқаруға жеткіліксіз. Сондықтан мен қазір шәкірт тәрбиелеп, оларға осы саланы үйретудемін. Бұған дейін тәлім алған оқушыларым қазір нәпақасын тауып, үлкен қалаларға жұмыс істеуге кетті. Мен үшін бұл үлкен жетістік.

Бұл мамандықтың тағы бір ұнайтын тұсы – әртүрлі саламен бірлесіп жұмыс істейсің. Әртүрлі мамандықтың қызық тұстарын біліп отырасың.

– Шығармашыл тұлғаның музасы, өзіндік стилі және сүйікті жанры бар. Өзіңіздің шығармашылық шабытыңыз туралы сөз етсеңіз...

– Шынын айту керек, 2022 жылдан бері шығармашылықтан алыстап кеттім. Себебі сол уақыттан бастап «ELEVEN» фото-видео студиясын ашып, кәсібімді дөңгелетудемін. Осы бастамамды бірізді қылған соң өз шығармашылығыма көңіл бөлсем деймін. Себебі кез келген адамның өмірге келгендегі мақсаты – өшпес із қалдыру. Шүкір, қазірдің өзінде мақсатыма талмас қанат бітіргендеймін. Бүгінгі фокус тек жұмыста.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Нұршат НЫШАНОВА

Ақмешіт жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №KZ 32VPY00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген.
«Ақмешіт жастары» республикалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Айдар САЙЛАУОВ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор: Аружан ОРАЛБАЙ

Таралымы: 6985
Тапсырыс: 1123